

# "АУЫЛ САНАҒЫ" ҰЗАРДЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

## «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА ҚАДАМ БАСЫП КЕЛЕМІЗ



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы қарсаңында еңбекте жоғары нәтижеге қол жеткізген жерлестеріміз марапат төрінен көрінді. Еңбек ардагері Кеңесбек Махамбетовке «Қызылорда облысының Құрметті Азаматы» атағы беріліп, бірқатар азаматқа мерекелік медаль табысталды. Сонымен қатар, әртүрлі сала мамандары Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

7-behme

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Д.Е.ЖАНАЛИНОВ:

## ЖОЛДАУ “ӘЛЕУМЕТТІ” ЖАҢҒЫРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы«Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек» деген болатын.

Жалпы халықты әлеуметтік қорғау саласы бірнеше бағытты қамтиды және сала жұмысының нәтижесі - аймағымыздың даму көрсеткішіне әсер ететін сөзсіз.

Халықты әлеуметтік медициналық сақтандыру, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғауға мұқтаж жандардың өмірлік қажеттіліктерін және әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндіктер жасалуда.

Президентіміз аталған Жолдауда «Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің біріншағы базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс» - деп осы салаға ереше тоқталған болатын.

Енді осы бағытта атқарылған жұмыстарды қысқаша баяндасақ:

2025 жылы Қызылорда облысында денсаулық сақтау жүйесінің бюджеті 117,4 млрд. теңгені құрайды. Оның ішінде 57,1 млрд. теңге МӘМС аясындағы қызметтерге бағытталса, 60,3 млрд. теңге тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне бағытталды.

МӘМС шеңберінде 31,7 млрд. стационарлық көмекке; 17,6 млрд. кеңес-диагностикалық қызметке; 10,0 млрд. дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бөлінді.

Өңірде «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» филиалымен 124 қызмет ұсынушымен, олардың 31-і мемлекеттік, 93-і жеке меншіктегілер медициналық қызметті сатып алу шарты жасалды.

Жалпы қаржы көлемі 117,2 млрд, оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі 60,1 млрд. теңге, яғни 51%, МӘМС 57,1 млрд. теңге, яғни 49% құрайды.

Жыл басында медициналық ұйымдар алғашқы қажеттіліктері үшін 20% көлемінде аванстық қаржыландырды. Жалпы сомасы 16,6 млрд. теңге.Қазіргі таңда қызметтерге ақы төлеу бойынша 6 айға толық ақы төленді.

«2025 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» шеңберінде 46 560 жұмыс орнын құру жоспарланып, 27 929 жұмыс орны құрылды, немесе әзірге 60% орындалды, оның 15298(54,8%) тұрақты, 12631(45,2%) уақытша.

6913 адам бос жұмыс орындарына орналастырылды.

11 181 адам субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды.

Мемлекет басшысының«10 мың адамға 100 жұмыс орнын» құру тапсырмасына сәйкес 7306 жұмыс орны

ашылды.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында жаңа бизнес идеяларды дамытуға 400 айлық есептік көрсеткішке (1 572 800 теңге)дейінгі мөлшерде 675 адамға қайтарымсыз мемлекеттік грант берілді. Қазіргі уақытта екінші кезеңге қабылданған өтінімдер комиссиямен қаралуда.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасын орындауға 2025 жылға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 8,3 млрд. теңге бөлініп, жыл қорытындысымен көрсеткіштерді толық орындау жоспарлануда.

Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 27635 мүгедектігі бар адамдардың 23442-і оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етіліп, 84,8 пайызбен республика бойынша 1-ші орындамыз.

2025 жылы облыста инватакси қызметін іске асыратын 67 автокөлікке 268,9 млн. теңге бөлініп, 1500-ден астам адам инватакси қызметімен қамтылды.

Санаторий-курорттық емделу қызметін алатын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жылына бір рет ілесіп жүрушінің шығындары 1 адамға 60 айлық есептік көрсеткіш, яғни 60 АЕК – 3932\*60=235920 теңге мөлшерінде өтелуде.

Барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдарға әрқайсысына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір реттік әлеуметтік көмек беруге облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, төленуде.

Облыста Еңбек министрлігінің Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы және «Қазақстан халқына» қорының бастамасымен «Үй жағдайында мүгедектігі бар балаларды оңалту» жобасы Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы базасына «Қазақстан халқы қоры» тарапынан бүгінгі күнге 53,7 млн. теңгеге 12 тренажерлар жеткізілді.

Облыс көлемінде 2023-2027 жылдарға бекітілген жоспар аясында 2025 жылға 360 әлеуметтік ғимараттарды оның ішінде мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, транспорт, жеке сектор, әлеуметтік және спорт нысандарын бейімдеу жоспарланып, олардың 135-не бейімдеу жүргізілді.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бағытында: «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»Заңына сәйкес жасына байланысты зейнетақы, мемлекеттік базалық зейнетақы және жәрдемақылардың барлық түрлерінің мөлшері артуына байланысты облыс аумағында 2025 жыл басында 269,5 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың төлем мөлшері қайта есептеліп, төленуде.

Облыс бойынша 2025 жылдың жарты

жылдығында республикалық бюджеттен 296550 адамға жалпы сомасы 109,8 млрд. теңге зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы төленді.

Оның ішінде, зейнетақы төлемдері 88306 адамға 65,6 млрд.теңге, жәрдемақы төлемдері 142339 адамға сомасы 4,2 млрд.теңге төленген.

Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін 574 адамға арнайы әлеуметтік төлемдер тағайындалып, есепті кезеңде 96,9 млн. теңге төленді.

Жыл басынан 3 708 отбасына 1 263,6 млн.теңгеге атаулы әлеуметтік көмек және отбасыларындағы бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі 5 920 балаға – 170,1 млн.теңге қосымша төлем төленді.

Аз қамтылған отбасыларына коммуналдық қызмет шығындарын өтеу үшін 705 отбасына (2 039 отбасы мүшелері)38,8 млн. теңгеге тұрғын үй көмегі төленді.

Жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 8 633 адамға 877,3 млн. теңгеге әлеуметтік төлемдер жүргізілді.

Бюджеттен тыс көздерден көмекке мұқтаж халықтың әлжуаз топтарынан шыққан 5 242 адамға 140,7 млн.теңгеге қайырымдылық көмектер көрсетілді.

Облыс өкімінің грантына 2025-2026 оқу жылына облыстық бюджеттен 104,1 млн. теңге бөлініп, грант тағайындалған 100 талапкердің оқу ақысы және 72 айлық есептік көрсеткіш көлемінде жүріп-тұруына, тамақ шығындарына әлеуметтік көмек көрсетілді.

Биылғы гранттың ерекшелігі - Жұмысшы мамандықтары жылы аясында 70 пайызға жуығы жұмысшы мамандықтарына бағытталды. Бөлінген 100 грант халықтың осал отбасыларынан шыққан 93 мектеп түлектері қала және аудандық әкімдіктерінің арнайы комиссия шешімдерімен қолдау тапты.

Биылғы жылы өңірдегі 5 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарымен стационарлық және жартылай стационарлық жағдайда барлығы 1952 адамға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 198 тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына, 23 адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілді.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін трансформациялау шеңберінде облыс бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге 27 субъект лицензия алып, жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшу бойынша тиісті жұмыстар жүргізуде.

Егемен елімізді бәсекеге қабілетті етуде, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруда Президентіміздің тапсырмалары жоғары деңгейде орындала береді.

Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңындағы брифингтен

Үкіметте вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының барысы қаралды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше 2025 жылғы 28 тамыздағы жағдай бойынша Sanaq.gov.kz платформасында 236,9 мың ауыл шаруашылығы құрылымы тіркелген. Оның ішінде 226,2 мыңы немесе Бюроның жоспарында көрсетілгендердің 85,3%-ы сауалнамадан өткен.

Жалпы ауыл шаруашылығы өндірушілерінің ішінде есеп бергендердің үлесі – 75,4%, ал оның ішінде белсенді жұмыс істеп тұрғандары – 82,2%.

Бюро басшысы Мақсат Тұрлыбаевтың айтуынша, санақтың жалпы тізіміне барлық субъект, тіпті соңғы бірнеше жыл бойы еш мәлімет бермегендер де енгізілген. Мұндай кәсіпорындардың саны 13 мыңнан асады. Бұл барлық тізімнің 4,5%-ы.

Жеке қосалқы шаруашылықтар арасында сауалнамаға 277,9 мың үй шаруашылығы қатысқан, бұл жоспарланған көрсеткіштен 1,5 есе артық. Ең жоғары белсенділік Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында байқалып отыр. Ал Түркістан мен Қарағанды облыстары, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар қалыс қалып келеді. Осыған орай онлайн кезеңді тек ұйымдасқан шаруашылықтар үшін ғана 20 қыркүйекке дейін ұзарту ұсынылды, бұл аграрлық шаруашылықтарды толық қамтып, офлайн санақ кезеңіне зиян келтірмеуге бағытталған.

Жалпы алғанда онлайн кезең шаруалардың қызығушылық танытқанын және бірқатар өңірде статистиктердің әкімшіліктермен өзара тиімді іс-қимыл жасағанын көрсетті.

20 қыркүйектен бастап ең күрделі кезең – далалық санақ басталады. Ол бір айға созылып, 20 қазанға дейін жалғасады. Бұл кезеңде интервьюерлер шаруашылықтарды аралап, жеке сұхбат форматында мәлімет жинайды.

Кеңес отырысын қорытындылай келе Серік Жұманғарин:

- «Бәріміз ауыл шаруашылығындағы статистиканы ретке келтірудің қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз. Бұған мемлекеттік қолдау шаралары, саланың даму жоспарлары, салық түсімдерінің болжамы және басқа да мәселелер байланысты. Онлайн кезеңде шаруалардың жоғары белсенділігі қуантады. Далалық жұмыста да жақсы нәтижелер күтеміз», – деп онлайн кезеңде шаруалардың жоғары ынта танытқанына қуанышты екенін атап өтті.

## САНАҚҚА САЛҒЫРТ ҚАРАМАЙЫҚ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен егін жинауға әзірлік, Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу мәселелері талқыланған жиналыс өтті. Оған облыстық басқарма басшылары, селекторлық режимде аудан әкімдері және жауапты мекеме басшылары қатысты.

Облыс әкімі жауапты науқан алдында бірқатар тапсырма жүктеді.

– «Биыл өңіріміздегі вегета-циялық кезең өте күрделі жағдайда өтті. Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауымен көршілес мемлекеттермен нәтижелі келіссөздер жүргізіліп, вегетациялық кезеңді шығынсыз өткеруге бар жағдай жасалды.

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес Үкімет басшысы бастаған делегация өңірімізге арнайы жұмыс сапармен келіп, шаруалардың жағдайымен, егістің жай-күйімен танысты.

Одан бөлек Су ресурстары, Ауыл шаруашылығы министрлері бірнеше

рет арнайы келіп, су тапшылығын болдырмау жолдарын жан-жақты пысықтады.

Төтенше жағдайлар министрлігі еліміздің барлық өңірінен 139 кыз-меткерден құралған жеке құрам мен 25 насос қондырғысын жеткізіп, екі ай бойы шаруалар игілігі үшін қызмет жасады.

Қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, егінді ысырапсыз, мерзімінде жинауды қатаң бақылауға алыңыздар.

Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың негізгі салаларының бірі. Санақ жұмыстарының нақтылығы мен сапалы жүргізілуі біз үшін өте маңызды. Қала, аудан әкімдері санақ жүргізушілерге жан-жақты қолдау көрсетіп, статистика департаменті, ветеринария, ауыл шаруашылығы басқармаларымен бірлесіп, тиісті жұмыс жүргізілсін», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында жауапты департамент, басқарма басшылары Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының өту барысы туралы баяндама жасады.

## ПРЕЗИДЕНТ САЯБАҒЫ ЕЛ ПАЙДАСЫНА ЖАРАЙДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдары, жауапты сала мен ірі құрылыс мекемелері басшылары және зиялы қауым өкілдерімен бірге Президент саябағындағы нысандардың құрылыс жұмыстарымен танысты. Саябақтағы жұмыс қарқыны, іске асырылатын жобалардың ауқымы бұл аумақтың қаланың ең көрікті орындарының біріне айналатынын аңғартады.

Алдыңмен аймақ басшысы бастаған топ инвестор қаражатына бой көтерген «Rixos» қонақ үйінің құрылыс алаңына барды. Мамыр айында басталған жұмысты «Altyn Gimarat» ЖШС жүргізуде. Бес жұлдызды қонақ үйде 150 нөмір, мейрамхана, саябақ аймағы, автотұрақ болады.

Қасында тоғыз қабатты 15 тұрғын үй салынуда. Бас мердігер «Мелиоратор» ЖШС. Әр үйде 63 пәтерден, жалпы 945 пәтер болады.

Президент саябағы да қайта жаңғыртудан өтуде. Мұнда бас мердігер «Bi Global» ЖШС жоба бойынша 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, 7 демалыс аймағы, 4 фудкорт, теннис үстелдері, айналмалы дөңгелек аттракцион, тамақтану ғимараттары, би алаңы, стритбол, вело, жүгіру жолақтары, сахна, саябақ ішіндегі сарқырама каналдары, канал үстінен көпірлер, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, арқан саябағы, модульдік- санитарлық ғимарат орналастырады.

Сонымен қатар саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ салынуда.

«Alem Qurylus AQ» ЖШС лагерде спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, 4 тұрғын аумақ, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі үлгідегі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңын, сахна және басқа да демалыс орындарын салады.

Президент саябағы мен «Астана» шағын ауданын байланыстыру үшін Сырдария өзені үстінен жазу жүргінішілер көпірі түседі.

Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізіп, белгіленген уақытта аяқтау керек екенін айтты.

Бүгінде Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата мемориалды аллеясын қайта жаңғырту жұмыстары да қарқынды жүруде. Жалпы аумағы 38 мың шаршы метрден асатын демалыс орнындағы жасыл желек алаңы ұлғайтылып, халық тынығатын саялы орынға айналып келеді. Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарының заманауи жабдықтары қауіпсіз ері қолайлы етіп жасалуда. Бүгінде құрылыс және абаттандыру жұмыстарының басым бөлігі аяқталған.

Қала тұрғындары қайта жаңғыртудан өткен мәдениет және демалыс паркінің жаңа келбетіне, келушілерге ұсынылған мүмкіндіктерге дән риза. Мұнда жаңа арка орнатылып, «Сыр батырлары» ескерткіші Тағзым алаңына ауыстырылды. Қоршаулар мен жүргіншілер жолы жаңартылып, 544 тұп ағаш пен қылқан жапырақты көшеттер отырғызылды. Бұдан бөлек, скейтпарк, воркаут алаңдары, балалар ойын аймақтары, фуд-корттар және ашық амфитеатр салынды.

## ШӨЛГЕ ТӨЗІМДІ АҒАШТАР ЕГІЛЕДІ?

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ә.Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының басқарма төрағасы Әліпжан Рахымжановпен кездесті. Басқосуда шөл және шөлейтті жерлерге төзімді ағаштар егу мәселелері талқыланды.

Қазақорман шаруашылығы ғылыми зерттеу институтыныңғалымдары «Қорқыт Ата» әуежайынан "Белкөл" кентіне дейінгі 35 шақырым аумақтан агрохимиялық талдау жұмыстарын жүргізу үшін топырақ сынамаларын алды.

Зерттеу нәтижесі аяқталғаннан кейін, өңір климатына төзімді ағаштардың түрлері анықталып, белгіленген орындарға отырғызылады.

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 14, 44, 113-10-баптарына сәйкес, 2025 жылғы 2 қыркүйектегі шешімімен 2025 жылғы 31 тамызда сайланған Қызылорда қаласы Қарауылтөбе ауылдық округі әкіміне Ахетов Еркин Абдрайхановичті тіркеді.

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына, 15-1-бабының 3-тармағына, 17-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына Қызылорда қалалық мәслихаты депутатын сайлау жөніндегі қалалық, округтік, учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабарлайды.

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

**Төраға** – Баймурзаев Галым Қонақбаевич, **төраға орынбасары** - Муханова Алия Муханбеткалиевна, **хатшы** - Насибеков Кенес Эрдибекович, **комиссия мүшелері**: Куракбаева Кенжегуль Куракбаевна, Акишева Карлығаш Дауылбаевна, Мүсілімов Жәнібек Исабекұлы, Жорабек Медет Ерданаұлы.

**Орналасқан жері**: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №21, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдары» МКҚК ғимараты.

**Телефоны**: 8(7242) 27-37-20.

**Қалалық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты:**  
**09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00**

#### №21 округтік сайлау комиссиясы

**Төраға** – Танқаманова Алтынай Жәнісбекқызы, **төраға орынбасары** – Қуандық Ақгүл Дәуренбекқызы, **хатшы** – Сарыбаева Меруерт Әлиханқызы, **комиссия мүшелері**: Мысатаев Жасұлан Қуантаханұлы, Зарипова Зина Жанабаевна.

**Орналасқан жері** - Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, 3.Шүкіров көшесі №8, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейі» КММ ғимараты.

**Телефоны**: 87089804926.

**Округтік сайлау комиссиясының жұмыс уақыты:**  
**09.00-19.00; түскі үзіліс: 13.00-15.00**

#### №225 учаскелік сайлау комиссиясы

**Төраға** – Сүлейменова Гульмира Камаловна, **төраға орынбасары** - Қонаев Манарбек Абдирзақович, **хатшы** – Сарсенова Алтынай Тлектесовна, **комиссия мүшелері** – Қалдыбекқызы Әйгерім, Туралиева Гульнар Кошқаровна, Ермекбаева Айгуль Ибрагимовна, Асарбекова Айжан Жанболатқызы, Әбілдаева Гүлзираа Жәнібекқызы, Әби Назарбек Жұмабекұлы.

**Орналасқан жері** - Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, 3.Шүкіров көшесі №8, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Тыныбаев атындағы № 11 мектеп-лицейі» КММ ғимараты.

**Телефоны**: 8(7242) 21-56-63.

#### №226 учаскелік сайлау комиссиясы

**Төраға** – Жанахметова Толқын Болатовна, **төраға орынбасары** – Жумагулова Ақнур Абдуллаевна, **хатшы** – Сундетова Захира Ахетовна, **комиссия мүшелері** – Ахметов Галымбек Ермашович, Жәлімбетова Айжан Тағыбергенқызы, Байымбетова Шолпан Аппазовна, Аубакирова Дина Жұмашовна, Сұлтанбек Досмұхаммед Сұлтанбекұлы, Кайнабаева Санимкул Умирзақовна.

**Орналасқан жері** - Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, ШІ. Есенов көшесі №5, «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» КММ «Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйі» КМҚК ғимараты.

**Телефоны**: 8(7242) 21-55-88.

#### №237 учаскелік сайлау комиссиясы

**Төраға** – Мұратбек Нұрлыбек, **төраға орынбасары** – Сералиева Ардақ Махмұтовна, **хатшы** – Құлтаева Нұрсұлу Қалиқызы, **комиссия мүшелері** – Жолдасбай Жангелді Еділұлы, Убаев Нұрбек Лепесович, Алдадосова Гүлжанат Манатқызы, Ниязова Құралай Маханғалиевна, Токтарбаев Дамир Берікболұлы, Тілеулесов Нұрболат Сұлтанұлы.

**Орналасқан жері** - Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, 3.Шүкіров көшесі №8, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Тыныбаев атындағы № 11 мектеп-лицейі» КММ ғимараты.

**Телефоны**: 8(7242) 21-56-63.

#### №373 учаскелік сайлау комиссиясы

**Төраға** – Байкетеев Менлибек Сүлейменович, **төраға орынбасары** – Құлшарова Гулйахан Утегуловна, **хатшы** – Бегалиева Лязат Сейлхановна, **комиссия мүшелері** - Карабупесова Жанар Уалиевна, Жогагелдиева Қалдыгуль Тураровна, Қурбанова Ақжикек Болатовна, Қазбеков Нұржан Кенішбекұлы.

**Орналасқан жері** - Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, А.Иманов көшесі №29, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Күнекей» балабақшасы» КМҚК ғимараты.

**Телефоны**: 8(7242) 30-09-16.

**Учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс уақыты:**  
**2025 жылғы 5 қазаннан бастап сағат 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00**

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

# ПОЛКОВНИКТІҢ “ОФИЦЕР ЖАЗБАЛАРЫ”

Ата занымыздың 30 жылдық мерекесі қарсаңында облыстық Полиция департаментінің үлкен мәжіліс залында сала ардагерлері мен қызметкерлер құрамының қатысуымен құқық қорғау саласында қырық алты жыл, Полиция департаментінің заң бөлімі бастығы лауазымында жиырма үш жыл қызмет атқарған әріптес інім, запастағы полиция полковнигі Қоразбаев Хұсайын Асанұлының «Офицер жазбалары» атты кітабының тұсауы кесілді.

Жинақтың алғысөзі Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ғабит Тұяқбайдың «Өре мен өріс» атауымен аталған. Тіл маманы, ғалым-филолог Ғ.Тұяқбай алғысөзде төмендегідей пікір білдірген: өз тарихымызды зерттеу, зерделеу – кәсіби тарихшының ғана міндеті емес, өзін «Мен-қазақтың» деп танитын қазақтың, өзін ұлтжанды азаматпын деп есептейтін әр азаматтың, таным

перзенттері туралы тереңірек білгісі келетін барлық оқырманға арналған. Кітаптың басты мақсаты оқырманға жаңа идеялар ұсынып, ой-өрісін кеңейту, ғылыми және танымдық ақпараттарды жүйелеу. Оқырмандарға айтарымыз осы жинақтағы әрбір мақаланы зерделеп, одан қажетті білім мен тәлім алуға тырысыңыз. Оқыған, ізденген, зерттеген адам ешқашан адаспайды, себебі білім мен ғылым жолы-болашаққа бастар жол”.

Аталмыш кітапқа автордың ұзақ жылдар құқық қорғау саласындағы қызмет кезіндегі орын алған атышулы қылмыстар мен тергелген қылмыстық істер, жаңадан қабылданған заңдар, тарихи зерттеулер мен портреттік очерктер енгізілген. Жинаққа енген мақалалар автордың талай жылғы өмірлік тәжірбие мен дүниетамының, зерттеу мен зерделеудің, ой мен толғаныстың нәтижесі екені анық. Автордың әр мақаласы өмірдегі өзекті мәселені көтере алуымен, сол арқылы оқырманға ой салуымен құнды. Автордың ұлт тарихына деген қызығушылығы, өзінің о баста алған білімін жетілдіре отырып, зерттеушілікке




көкжиегін кеңейткісі келетін әр тұлғаның халық алдындағы перзенттік бір парызы.Жинаққа енген ұлт тарихына зерттеулер мен сараптамалық мақалалар қаламгердің бойындағы осындай қасиеттердің тоғысқандығының айғағы.Тарихты білу-өткенді зерттеу ғана емес, одан сабақ алу, болашақты саралау.Тарих-бұл халықтың рухани тірегі, ұлттың тұтастығы мен дамуының қайнар көзі. Әрбір тарихи оқиға-уақыттың айнасы, ал сол оқиғаларды түсініп, олардың мән-мағынасын ашу-бүгінгі және келер ұрпақтың басты міндеті. Өз тарихын білетін ұрпақ болашағына сенімді қадам басады. Жинақ оқырмандарға тың мағлұматтар ұсынып, жаңа көзқарас қалыптастыруға септігін тигізеді деп сенеміз.Тарихты тану арқылы ұлттық сана нығаяды, елдік рух асқақтайды. Кітаптағы рухани қазынамыздың бір бөлшегі, ұлттың жүрегінен орын алған, халқының тағдырын өзгерткен, болашақ ұрпаққа өнеге қалдырып, тарих сахнасына өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметіне арналған мақалалар оқырманды бей-жай қалдырмайды. Әрбір мақала белгілі бір тұлғаның өмір жолын, қоғамға қосқан үлесін, мұрасын талдап, олардың өнегелі істерін бүгінгі күннің биігінен бағалауға тырысқан. Кітапта жарияланған мамандығы зангер автордың қылмыстық істерге арналған бір топ мақалаларының шынайлығы, өмірден алынған деректілігі құндылығын арттыра түседі. Сонымен қатар мақалаларда қылмыстық құқықтың негізгі қағидалары, қылмыстық істерді талдау, сараптау, заңнамадағы өзгерістер мен олардың тәжірбиеде қолданылуы, қоғамда жиі кездесетін қылмыс түрлері, олардың алдын алу шаралары жан-жақты қарастырылған, сондай-ақ жинақтағы құқық қорғау органдарының қызметі туралы ұсынылған құнды мәліметтер қылмыстық құқыққа қызығушылық танытатын оқырмандарға, жалпы оқырман қауымына құқықтық сананы нығайтуға, заңнаманы түсінуге және қылмыстың алдын алу шараларын бағалауға пайдалы деп сенеміз.

Жинақтағы материалдар зерттеушілерге, ұстаздарға, сондай-ақ халқымыздың ұлы

ұластыра алғандығы өре биіктігі мен өрісінің кендігін көрсетсе керек. Зерттеу мақалаларында қазақ халқының қалыптасу кезеңдері, мемлекет құру жолындағы күрестер, елдің саяси, әлеуметтік, мәдени даму ерекшеліктері және ұлы тұлғалардың, мемлекет қайраткерлері, ел қорғаған батырлар, ағартушылар, дарын иелері, ұлтымызды жаңа деңгейге көтеруге күш салған азаматтардың өмірі мен қызметі туралы құнды деректер қамтылған. Сонымен қатар, кітап беттернен жаһандық оқиғалар мен олардың қазақ даласына тигізген ықпалын, халқымыздың әлемдік өркениеттегі орнын айқындайтын мәліметтерді табасыз. Бұл жинақ студенттерге, заңгерлерге, құқық қорғау саласы қызметкерлеріне, зерттеушілерге, ұстаздарға, сондай-ақ халқымыздың ұлы перзенттері туралы тереңірек білгісі келетін барлық оқырмандарға арналған.

Енді автор жайлы қысқаша анықтама бере кетейік. Х.Қоразбаев 1961 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1979 жылы Қызылорда қаласындағы 253 қазақ орта мектебін, 1982 жылы КСРО Ішкі істер министрлігінің Алматы өрт-техникалық училищесін (өрт қауіпсіздігінің инженері мамандығы), 1996 жылы Мемлекеттік Тергеу комитетінің Қарағанды Заң институтын аяқтаған. 1982-2002 жылдар аралығында облыстық ішкі істер басқармасының Өрттен қорғау бөлімі мен Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінде орта, аға басшы лауазымдарында, анықтама бөлімшесінің бастығы, Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, департаменттің тергеу басқармасының аға тергеушісі, штаб басқармасы бастығының орынбасары, 2002-ші жылдан бастап осы жылдың сәуір айына, шекті жасы бойынша зейнетке шыққанына дейін облыстық Полиция департаментінде жаңадан ашылған Заң қызметінің (аға заң консультанты, департамент бастығының құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі, заң бөлімінің басшысы) басшысы лауазымын абыроймен, жемісті атқарып келді.

Ішкі істер органдары мен мемлекеттік қызметтегі ұзақ, мінсіз қызметі мен жеткен жетістіктері



үшін қызмет барысында 63 рет марапатталған.

Автордың бірнеше мақалалары Мәдениет және спорт министрлігінің Кітап палатасының газет мақалаларының шежіресіне енген. Сонымен қатар «Дактилокопиялық және геномдық тіркеу туралы» заңы туралы мақаласы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының электрондық базасына, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Заң Академиясы мен А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік университеті оқу бағдарламасына әдістемелік құрал ретінде енгізілген. «Егемен Қазақстан» газетінің 2024 жылдың 22 ақпан санында жарияланған «Сергіткіш сусынның зияны» атты мақаласындағы энергетикалық сусындарды елімізде кәмелетке толмағандарға сатуға тыйым салу туралы ұсынысы балалардың болашағына алаңдап отырған ата-аналар, оқырмандар арасында қызу қолдау тауып, пікір-талас тудырды. Қазір бұл өзекті мәселе бойынша газды сусындарды кәмелетке толмағандарға сатуға тыйым салу, жалпыға сағу тәртібін реттеу туралы Үкіметте арнайы заң әзірленуде.

Автор Қазақстан Журналистер, Заңгерлер одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан ішкі істер министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігінің «Құрметті Ардагері».

Елімізде биыл «Ұлттық кітап күніне» орай тұңғыш рет жұртты кітап оқуға ынталандыру, оқу мәдениетін қалыптастыру үшін Ұлт мерейі- «100 кітап» жобасы аясында «Таңдаулы 100 кітапты бірге анықтайық» жана ұлттық жоба-сауалнамасы жарияланған болатын. Әй, әттеген-ай! «Офицер жазбалары» биыл жыл басында жарыққа шығып, тұсау кесері ақпан-наурыз айларында болғанда ғой. Себебі, сәуір айынан бастап тамыз айының 10-на дейінгі аралықта жарияланған сауалнаманың нәтижесі 10 тамызда жарияланды. Аталмыш кітап оқырмандардың қолына ертерек тигенде сол жүздікке ілінері сөзсіз еді-ау деп ойлаймын. Иә, ілінері анық еді.

Іс-шараға қатысқан ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағанбетов қарумен қаламды коса алып жүрген әріптесінің тұсауы кесіліп отырған кітабына құтты болсын айтып, шығармашылық табыс тілеп, жинаққа енген жерлесіміз, он тоғыз жыл ішкі істер министрінің орынбасары болған милиция генерал-майоры Нұрылла Алмағанбетов, Ақтөбе облысы сотының бұрынғы төрағасы, экс-сенатор, жерлесіміз Иран Амировтер, қызмет баында қаса болған «Айбын» орденінің иегері, полиция лейтенанты Талғат Қозыбаев, «Берия бандасы, жазасын өтеген туыстар», «Кремльге хат», Сыр еліне белгілі милиция ардагерлері А.Қазбеков, А.Аширов, Т.Алиев, Б.Ысқақов, Д.Нұрбаев туралы, т.б. мақалалардан жақсы әсер алғанын айтты.

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің «Құрметті Ардагері» запастағы полиция подполковнигі Сәбит Тәжіғұлов автормен уақыт-таңда облыстық департаменттің анықтау, тергеу саласында бірге қызмет атқарғанын, оның білікті зангер екеніне тоқталып, автордан алдағы уақытта Сыр елінің тарихына, белгілі тұлғаларға қатысты керемет туындылар күтетінін айтты.

**Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ**

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Құрметті және Еңбек ардагері.**

**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

## 2025 жылғы IVтоқсанда М.Шәменов атындағы ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

| Р/с | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты    | Мемлекеттік органның орналасқан жері               | Байланыс телефоны |
|-----|--------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|----------------------------------|----------------------------------------------------|-------------------|
| 1   | 2                                                            | 3                                           | 4                                | 5                                                  | 6                 |
| 1   | Есжанов Галымжан Сансызбаевич                                | Ауылдық округі әкімі                        | Сейсенбі сағ:9.00-19.00-ге дейін | М.Шәменов атындағы ауылы, Мәмбет әулие көшесі, №26 | 37-3-96           |

| МЕНШІК ИЕСІ:                                 | Редакцияның мекен-жайы:             | (E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді | ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 | Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді. |
|----------------------------------------------|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| «Желтоқсан и К» ЖШС                          | Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 |                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БИҚОЖАЕВА  | Телефон: 23-16-08 23-16-11          |                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                    |

# ТАПСЫРМА АРТЫНДА БАҚЫЛАУ БАР...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде “Қазақстан Республикасының 2026–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы”, “2026–2035 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму болжамы”, «2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бюжеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы» заң жобалары, алдағы жылу маусымына дайындық барысы, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды. Үкімет отырысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Артынша жиында көтерілген мәселелер бойынша облыс әкімдігі жиынын өткізіп, сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

– «Биылғы 7 айдың қорытындысымен өңірімізде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді. Дегенмен, әлеуметтік-экономикалық дамудың макрокөрсеткіштерін орындау бағытындағы жұмыстарды күшейтуіміз қажет.

Өңдеу саласында 13,4 пайыздық өсім бар. Ауыл шаруашылығы басқармасы егін жинау науқанының уақытылы өтуін қамтамасыз етіңіздер.

Облыстық құрылыс басқармасы бюджеттен тыс көздер арқылы салынып жатқан нысандардың есебі, айлық, тоқсандық, жылдық есептемелері статистика органдарына толық ұсынылуы тиіс. Бұл жұмыстар қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп атқарылуы керек.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы жылдық жоспарды орындау бағытындағы жұмысты ұйымдастырыңыздар. Қалыптасқан жағдай бюджет қаражатын неғұрлым ұтымды әрі нақты мақсаттарға жұмсауды талап етеді.

Аймағымыз субвенциялы өңірлер қатарында. Әрбір жобаның қаржыландырылуы аса маңызды.

“Бюджет кодексіне” сәйкес заң жобалары алдағы уақытта Парламенттің қарауына ұсынылады.

2026 жылға арналған республикалық бюджетті, үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемін бекіткенде барлық жобамызды қаржыландыруға қол жеткізуіміз керек.

Облыстық экономика және қаржы басқармасы облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бірлесіп, 1 қазанға дейін өңіріміздің 2026-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әкімдіктің қарауына енгізіңіздер.

2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет жобасын қалыптастыруда заң жобасында көрсетілген бюджет параметрлерінің сақталуын қамтамасыз етіңіздер», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында алдағы жылу маусымына қатысты мәселелер де қаралып, міндеттер айқындалды.

– «Алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Облыста мыңнан астам әлеуметтік нысан бар.

Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жұмыспен қамту басқармалары, нысандардың толығымен дайын болуын қамтамасыз етіңіздер.

Білім мекемелерінің дайындық паспорттарын жаңа оқу жылына дейін, басқа әлеуметтік нысандардың құжатын қыркүйек айының 20-сына дейін алыңыздар.

Облыс тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету өте маңызды.

Коммуналдық кәсіпорын басшылары “Қызылорда жылу-электр орталығы”, “Қызылорда электр тарату тораптары” компаниясы, “Қызылорда су жүйесі”, “Сыр суы” филиалы, “Қазақғаз Аймақ”, “Интергаз”, “Қызылорда газ тарату” мекемелері барлық жүйе мен нысанды 25 қыркүйекке дейін сақадай сай етіңіздер. Жылу беру маусымы кедергісіз, үздіксіз өтуі керек», - деді аймақ басшысы.

Жылу желілерін жаңғыртудың 6 жобасын іске асыруға бюджеттен қаржы бөлінген. Бүгінде жұмыстың 67 пайызы орындалды.

Үкімет басшысының орынбасары Е.КӨШЕРБАЕВ:

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШЫНЫМЕН МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА ЖЕТУІ ТИІС

■ **Қызылордадағы “Өнер орталығында” Үкімет басшысының орынбасары Ермек Көшербаевтың қатысуымен әлеуметтік салаға бөлінетін қаражатты тиімді пайдалану мәселесі талқыланған республикалық семинар-кеңес өтті. Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің тапсырмасымен Сыр өңірінің қаражатты тиімді пайдалану тәжірибесі республикаға үлгі ретінде ұсынылған еді. Басқосуға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков, министрліктер, орталық атқарушы органдар өкілдері, облыс әкімдерінің орынбасарлары, облыстық басқарма, департамент, инспекция, мекеме басшылары және қызметкерлері қатысты.**

Ермек Көшербаев Мемлекет басшысының бюджет қаржысын тиімді жоспарлау, мақсатқа сай бөлу мен игеру жөнінде нақты міндеттер жүктегенін айтып, атқарылатын істерге тоқталды.

– «Мемлекет әлеуметтік салаға айрықша назар аударуды жалғастыруда: республикалық бюджеттің 40%-дан астамы дәстүрлі түрде азаматтарды қолдауға бағытталады. Маңыздысы – мемлекеттік қолдау шынымен мұқтаж жандарға жетуі тиіс», – деді Ермек Көшербаев.

Іс-шара барысында Жоғары аудиторлық палата мен салалық министрліктер анықтаған әлеуметтік төлемдерді мақсатсыз пайдалану фактілері қаралды. Мысалы, заңды негізі жоқ азаматтардың жәрдем-ақы алуы, жұмыссыздық және декреттік төлемдерді тағайындау кезіндегі алаяқтық жағдайлары, Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры қаражатын стоматологиялық қызметтерге мақсатсыз пайдалану, мектептегі тамақтандыру мен атаулы әлеуметтік көмек тағайындауда жағдайы бар отбасыларға жеңілдіктер беру. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша

429 мың жұмыссыз азамат тіркелген. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеуге Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорында 127 млрд. теңге қарастырылған. Алайда бұл көмекті іс жүзінде мұқтаж емес адамдар да алған жағдайлар анықталған.

Семинарда Светлана Жақыпова мен Ғани Бейсембаев күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Облыс әкімі өңірде атқарылған жұмыстарды баяндады. - «Президентіміздің тапсырмасына сәйкес облыс бюджетін оңтайландырудың кешенді шаралары қабылданды. «Фейс-бақылау» мобильдік қосымшасы арқылы облыс балабақшаларына жалған тіркелген 19 263 бала анықталды, яғни, “ауадағы” балалардан 28 млрд. 100 млн. теңге үнемделді.

Осы қосымша арқылы балалардың балабақшаға күнделікті келуі қадағаланды. Емхананың жалған анықтамаларын тіркеу мен негізсіз демалыс күндерін анықтау есебінен 6 млрд. 700 млн. теңге (2023 ж. – 3,0 млрд.т.г., 2024 ж. – 3,7 млрд.т.г.) бюджетке қайтарылды. Балабақшалардағы мемлекеттік тапсырыс көлемін айқындау функциясы жергілікті атқарушы органдарға берілген соң, бір балаға арналған қаржының орташа көлемі қайта есептеліп бекітілді. Осылайша 6 млрд. 300 млн. теңге бюджет қазынасында қалды.

Соңғы үш жылда мектепке дейінгі ұйымдарға бөлінген 41 млрд. 100 млн. теңгенің мақсатсыз жұмсалыуына жол берілмеді.

2023 жылдан бері облыстық бюджет есебінен 5 млрд. 700 млн. теңгеге 9 мектепке 2900 орындық қосымша ғимараттар салынып, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты, бұл бастама жаңа мектепке қажеттілік туындатқан жоқ, 5 млрд. теңгеге жуық бюджет қаражатын үнемдедік.

Быылғы наурыз айынан «Арт спорт» бағдарламасына енгізілген адамның жеке басын анықтайтын «Фейс айди» биометриялық технологиясы арқылы ақпараттық жүйедегі ай сайынғы есептік табельдер тексерілді. Өткен жылмен салыстырғанда ай сайынғы төленетін қаржы 70 пайызға үнемделіп, 2023-2025 жылдары бөлінген 13 млрд.

31 млн. теңге бюджетке қайтарылды.

Оған қоса жаңадан құрылған 19 848 жұмыс орнының шынайылығы зерделенді. Талапты бұзған жұмыс берушілермен келісімшарттар мерзімінен бұрын тоқтатылды, 614 млн. 400 мың. теңгенің мақсатсыз жұмсалыуының жолы кесілді. Заңсыз төленген 39 жағдай анықталып, 16 млн. 400 мың теңге қаржы бюджетке кері қайтарылды. Салық есептілігін «нөлдік табыспен» тапсырған жеке кәсіпкерлер мен ұйымдарға талдау жасалып, субсидияланатын жұмыс орындарын құрған 151 кәсіпкерлік субъектісімен келісімшарт тоқтатылды.

Республикалық семинар-кеңесте айтылған әрбір тың идея мен мазмұнды ұсыныс-пікірлер алдағы жұмыс барысында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында жаңа бизнес идеяларға арналған грант қаражатының тиімді пайдаланылуына жүргізілген мониторинг қорытындысы, мақсатсыз шығысталған 188 жағдай анықталғаны да айтылды. Алушылар 252 млн. 200 мың теңге қаражатты өз еркімен, сот шешімімен толықтай бюджетке қайтарды.

Аймағымыздағы 2 540 кәсіпкермен өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандум жасалып, 5 709 адамға экологиялық үстемеақыны жұмыс беруші есебінен төлеу практикасы енгізілді. Бұл ретте 1 млрд. 900 млн. теңге бюджет қаржысы үнемделді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуді зерделейтін мониторингтік жұмысшы топтары үй-йүді аралап, 12 239 отбасын тексерді. Көмек алушылар табысын жасыру үшін отбасындағы зейнеткерлер мен мүгедектің бар адамдарды, жұмыс істейтін отбасы мүшелерін есептен шығару, жеке кәсіпкерлерге формальды тіркелу арқылы жалған анықтамалар ұсынған.

Соңғы үш жылда атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны 3 есеге, 63 712 адамнан 19 671 адамға азайды, 5 млрд. 400 млн. теңге бюджет қаржысы үнемделді. Әлеуметтік қолдау саласындағы бюджетті оңтайландыру бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 2023-2025 жылдары жалпы 8 млрд. 200 млн.теңге бюджет қазынасында қалды.

# ШИЕЛІ ВОКЗАЛЫ ЖАҢАРАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбеннов, Мұрат Ерғешбаев және жауапты сала басшыларымен бірге Шиелідегі теміржол вокзалын күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Шиелі теміржол вокзалы да 1904 жылы салынған тарихи нысан, күрделі жөндеу жұмыстары 2012 жылы жасалған. Бүгінде 13 жүл пойызына, тәулігіне 163 жолаушыға қызмет көрсетеді.

Өткен жылы Шиелі ауданы әкімдігі жолаушылар платформасының кіреберісіне қақпа салып, бұрынғы су мұнарасын жөндеді, 8 жарықшам, 10 орындық, 10 қоқыс жәшігі қойылды. Жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Мердігер мекеме «Дөнекер» ЖШС ғимараттың ішкі және қасбетін қаптау жұмыстарын қолға алған.



# ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Ardent Plastik және Nigde Plastik» компаниялары директорлар кеңесінің төрағасы Азми Берк Алтунташпен кездесіп, инвестиция тарту мәселесін талқылады.

Қызылорда облысы әріптестік пен инвестициялар үшін әлеуетті, даму қарқыны жоғары агро-индустриялық аймақ екенін атап өтті. Компанияның су үнемдеу технологиясы саласындағы тәжірибесіне қызығушылық танытып, бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

– «Біз әрбір инвесторды қолданыстағы заңнама аясында сүйемелдеуге дайынбыз. Барлық инфрақұрылым желілері қолжетімді, облыс әкімдігі қажетті техникалық шарттарды алуға жан-жақты қолдау көрсетеді», - деді Н.Нәлібаев.

Азми Берк Алтунташ инженерлік инфрақұрылыммен жабдықталған «Өндіріс» индустриялық аймағы жұмысымен танысқанын және бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді.

# ЕМДЕУ ОРЫНДАРЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

■ **Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай Шиелі ауданында 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесі ғимаратының ашылу рәсімі өтті. Жиынға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбеннов, Мұрат Ерғешбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров және зиялы қауым өкілдері қатысты.**

Аймақ басшысы жаңа нысанның аудан жұртшылығына сапалы медициналық көмек көрсетудегі жетекші бөлімшеге айналуына тілектестігін білдірді.

– «Баршаңызды еліміз үшін айтулы мереке алдағы Конституция күнімен құттықтаймын!

Соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына 441 млрд. 700 млн. теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді.

Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан салынды. Оның 8-і Шиелі ауданында.

Саланы дамытуға бюджеттен тыс ресурстар да тартылған. Біз «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 5 млрд. теңгеге жуық қаржы бағыттады. Бұл қаржыға сирек кездесетін дертке шалдыққан жерлерімізге қажетті дәрі-дәрмек сатып алынды. Облыстық онкология орталығына құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын, республика бойынша 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табыстады. Кешен бүгінде шалғай елді мекендердегі тұрғындарға үздіксіз қызмет етеді.

Пайдаланылмай бос тұрған ғимараттарды

қайта жаңғыртып, денсаулық сақтау саласының қажеттілігіне тиімді пайдалануға бағытталған жұмыс қарқынды жүргізілуде. Былтыр Жаңақорған ауданында бос тұрған бұрынғы аудандық аурухана ғимараты қайта жаңғыртылып, «Қамқорлық» балаларды оңалту орталығы ашылды. Бұған жергілікті бюджеттен 378 млн. теңге жұмсалды. Күні кеше дәл осындай орталық Арал ауданында да жұмысын бастады. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 338 млн. 800 мың теңге бөлініп, ғимарат қайта жаңғыртылды. Қор қажетті заманауи құрал-жабдықтарға 350 млн. теңге бөлдi. Орталықта жылына 600-ге жуық баланы оңалтуға мүмкіндік бар.

Сызыл иіп істің жалғасы ретінде құны 2 млрд. 323 млн. теңге болатын 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесінің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашуға бас қостық.

Қазір аудандық аурухана жанынан 733 млн. теңгеге қосымша ғимарат салынып, онда 650 млн. теңгенің жаңа МРТ аппараты орнатылуда. Шиелі кентіндегі «Болашақ» дәрігерлік амбулаториясы күрделі жөндеуден өтті.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған бұл нысандар тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуге, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға зор мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта халық денсаулығын жақсартуға бағытталған жобаларды қолдау, медицина саласындағы ең маңызды мәселелерді шешу жалғасын таба бермек», - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде сенатор Наурызбай Байқадамов, мәжілісмен Мұрат Ерғешбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен құрылысшылар Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Денсаулық сақтау саласының ардагері, Шиелі ауданының құрметті азаматы Ыбырай Ахметов бата берді.



Жұмыс сапары кезінде аймақ басшысы аудандық аурухананың қосымша ғимаратына, күрделі жөндеуден өткен «Болашақ» дәрігерлік амбулаториясына барды. Аудандық аурухананың 2 қабатты ғимаратының құрылысы өткен жылдың қыркүйек айында басталып, биыл шілдеде пайдалануға берілді. Ал амбулаторияның күрделі жөндеу жұмыстары 3 ай жүргізілді.

Қызылорда облысы орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жыл басында Жаңақорған ауданы Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана, Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсек-орынға арналған аурухана пайдалануға берілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен Қызылорда қаласының Баймұрат батыр елді мекенінде дәрігерлік амбулатория, Досан елді мекенінде медициналық бекет ел игілігіне табысталды. Осылайша ауылдардағы медициналық- санитариялық алғашқы көмек

көрсету ұйымдары ғимараттарын нормативке сәйкес етіп салу мәселесі толығымен шешілді.

Қайтарылған активтер есебінен 7 млрд. теңгеге 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан жаңа ғимараттар салынуда.

Ана мен бала өмірін қорғау мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды.

Өткен жылдан бері 17 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізіліп, 44 ғимараттың жылу жүйесі газға ауыстырылды. Биыл да медициналық құрал-жабдықтар сатып алынуда. Бұл жұмыстың жыл сайын жүргізілгенінің арқасында жабдықталу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 87,4 пайызға артты.

Жергілікті бюджеттен 225 жаңа санитарлық автокөлік бір мезетте алынып, елді мекендердегі барлық денсаулық сақтау ұйымына табысталды. Осылайша санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты.

# Акмешіт Акшамы

Сыр еліне белгілі сардар, табын руының Өмірқұл аталығынан шыққан Сәрке батыр туралы көптеген қаламгерлер жазып келеді.

Ол туралы Уикипедия — ашық энциклопедияда төмендегі мәліметтер берілген. Сәрке Өмірқұлұлы (шамамен 1680-1724) - Сыр өңіріне белгілі батыр. Кіші жүздің табын руынан шыққан.16-17 жасында Ырғыз өңірінде қалмақтармен шайқасқа шыққан уақыттан бастап оның есімі Сыр табындарының ұранына айналған. Сәрке батыр асқан палуан да болған. Негізінен қалмақ, башқұрттармен болған ұрыстарға қатысқан. 1724 жылы қалмақтармен болған ұрыста казіргі Жезді ауданының Сарытөбе деген жерінде мерт болады. Келесі жылы сүйегін Қорқыт Ата қорымына әкеліп, қайта жерлеген. Қарындасы Қарқарадан туған Асау Барақ өз заманында айтулы батырлардың бірі болды. Ал Сәркенің тікелей ұрпағы Байқадамның әрі батыр, әрі би болғандығы туралы деректер Ресей құжаттарында кездеседі. Сәрке қайтыс болған жер «Сәркенің төбесі», «Сәркенің әкшиі» аталып кеткен.

Ашық энциклопедеядағы деректер халық аузындағы деректер-мен сәйкес келеді.Тек батырдың туған, қаза болған уақыты дұрыс көрсетілмеген. Уақытында еліміздің оқырман қауымын дүр сілкіндірген 3 томдық «Көшпенділер» жинағының «Алмас қылыш» тарихи триология-сына тоқталсақ. Романда: «...Жәнібек хан жарлық беріп, шақырылған хан кеңесіне Орда маңындағы сұлтан, ба-тырлар, ерлік істерімен көзге көріне бастаған өз балалары мен Керей ханның баласы Бұрындық сұлтан қатысады. Түркістан уәлиетіне шабуылға шықпақ боп ұйырысқан Жәнібек хан Дәшті Қыпшақ әскерін екіге бөліп, өзі басқаратын топқа Созаққа Бұрындық сұлтанмен, ба-тырлар найман Қаптағайды, қоңырат Сарыбалақты, керей Ойшыбайды, уақ Жаубасарды, жалайыр Бөрібайды қалың қолдарымен, Сығанаққа ша-буыл жасауға ежелгі салт бойынша арғын, қыпшақ, тарақты жасақтарын хан Ордасында қалдырып, оларға Жайықтың бергі беті, Атырау теңізі мен Сырдың төменгі саласын жайлаған кіші жүздің адай руынан Теген батыр, та-бын руынан Серке би, шөмекей руы-нан Ақтандақ батыр, тама руынан Қарабура батырлар басқарып кел-ген жасақтар мен ұлы жүздің ысты руы-нан Бахтиар би, шапырашты руы-нан Қарасай батыр, Жаныс руынан Жанатай батыр басқарған қолдардың қосылуды туралы өкім берген».

Тарихи романда Серкенің табын руынан шыққандығы анық көрсетілген, бірақ батыр емес, би деп көрсетілген. Өрине, шайқастарда қол бастаған батырдың бейбіт күндерде би болуы әбден мүмкін.

Енді тарихи еңбекте ұлы жазушымыздың Сәрке батырдың тұстасы, замандасы ретінде көрсеткен тарихи тұлғалар мен олардың ғаламтордағы деректер бойынша өмір сүрген кездеріне тоқталсақ. Жәнібек хан 1474-1480 жылдары, Бұрындық сұлтан хан 1480-1511 жылдары қазақ хандығының ханы болса, шапырашты Қарасай Алтынайұлы 1589-1671 жылдары, найман Қаптағай батыр ХҮІ ғасырда өмір сүрсе, тама Қарабура әулие ХІ ғасырдың соңы мен ХІІ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлғалар. Аңыз-өңгімелерге қарағанда Қарабура әулие Қожа Ахмет Яссауидің жаназасын шығарған, яғни ол кісі 1166 жылдан кейін қайтыс болған. Сыр бойындағы аңыздарда Қарабура бабамыздың күйеу баласы (қызы Бегім ана, мазары Қазалы ауданы аумағында) Санжар 1118-1157 жылдары Селжуқ сұлтандығының сұлтаны, Жанкентте билік құрған. Романда көрсетілген ыстыда Бахтиар, қоңыратта Сарыбалақ, адайда Теген, шөмекейде Ақтандақ, жаныста Жанатай аты батырлар туралы деректер кездеспейді. Өлімнің қаракесек руында ХІХ-ғасырда өмір сүрген Ақтан батыр болған, арғын руында 1723-1771 жылдары өмір сүрген Жаубасар атты батыр болған, Жаубасар уақ руының, ал Ойшыбай батыр керей руының ұраны болып есептеледі, олардың нақты өмір сүрген уақыттары туралы тарихи деректер жоқ, бірақ екеуі де шешірелерде өз руларының арғы бабалары ретінде көрсетілген. Жалайыр Бөрібай батыр 1694-1756/60 жылдары өмір сүргендігі туралы деректер бар. Демек тарихи романда көрсетілген бұл тұлғалардың Ақтан мен Жанатайдан басқалары Сәрке бабамыздан көп жыл, кейбіреулері бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген.

Енді батыр бабамыздың туған, қаза болған жылдарын шамамен анықтау үшін бұрынғы және бұрын көпшілікке белгісіз болып келген жаңа деректердегі тарихи тұлғалардың өмір сүрген уақытымен салыстыру арқылы анықтауға тырысып көрейік.

«Солтүстік Қазақстан» газетінің 2018 жылғы 22 қазандағы санында жергілікті өлкетанушы Қ.Мұқановтың әйгілі Абылай ханның хас батырларының бірі «Баян батыр» туралы «Баянсыз жауға шаппаған» атты мақаласы жарияланды. Онда

ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың 30-шы жылдары аралығында өмір сүрген Шәді төре Жәңгірулы ақынның «Тарихат» атты дастанында Абылай хан мен бірнеше батырлардың есімдері аталған:

*...Бар еді неше қилы батырлары, Майданға бет-бетімен кірді бәрі. Әлеке, Алтынсадақ*

*деп айтылған*  
*Әлібек, Найман Төлек*  
*ерлік қылған.*  
*Шапырашты Наурызбай,*  
*табын Серке,*  
*Қаракерей Қабанбай өңкей қыран.*  
*Жалпастан Өтетілеу, Есет Тама*  
*Бөгенбай Қанжығалы, Қантай және*  
*Тарақты Көбек, Уақ Сары, Баян.*  
*Қоныраттан Бәйтелі мен*  
*Жаманқара*  
*Жалайыр Жәтен батыр,*  
*Қыпшақ Шорман.*  
*Осындай батырлар бар*  
*мағлұмданған.*

Сонымен қатар Ш.Жәңгірулының еңбектерін зерттеген филология ғылымдарының докторы, академик У.Қалижан «Тарихат» дастанындағы Абылай хан батырларымен бірге жорықта болған Сәрке батыр ерліктеріне тоқталып өткен.



# СӘРКЕ БАТЫР ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Шәді Жәңгірұлы Ташкент Бухара медреселерінде оқып, білімін толықтырып, Фирдоуси Жәми Низами шығармаларымен жақсы таныс болған өзбек, тәжік ақындары Зауқи Фуркат Дониш өлеңдерімен таныс Орта Азия қалаларын, қыстақтарын аралап, жыр терме, дерек жиган. Шығыстың көптеген ертегі-аңыздарын, жинақтарын жинап, Ташкент, Қазан, Орынбор баспаханаларында кітап етіп шығарған. «Тарихнама» атты дастаны қолжазба күйінде сақталған (Бес ғасыр жырлайды, екінші том, Алматы, «Жазушы», 1989, «Шәді ақын»). Бұл жерде Серкенің руы табын деп анық көрсетіліп, оның сол кездегі Абылай хан мен оның өмірде болған батырларымен қатар жауға, қырғыздарға шапқандығы баяндалады.

Енді Сәрке бабамыздың тарихи жырларда көрсетілген тарихи тұлғалардың өмір сүрген уақыты мен тарихи оқиғаларға қатысты ресми деректерге тоқталып кетсек.

Абылай хан 1711-1781 жылдары өмір сүрген. Ол қырғыздардың Талас, Шу, Шымкент, Шолаққорған бойында отырған қазақ ауылдарына шабуыл жасап, тонағаны үшін 1760, 1765, 1770, 1773, 1774 және 1779 жылдары жорықтар жасаған. Оның ішінде ең ауыр шабуыл 1760, 1770 жылдары ұйымдастырылған.Шайқастар нәти-жесінде Іле мен Шу өзендері арасы жаудан тазартылып, тұтқындар мен мал қайтарылады. 1779 жылы тентек қырғыздар тағы да жеңіліске ұшырап, оның арты Көкшетауға Абылай хан ордасына Төлеберді би бастаған қырық елші келеді.Бұл жолы олар аманат тапсырып, қазаққа шабуыл жасамау туралы келіссөзге қол қояды.

Ғаламтор беттерінде журналист А.Мұхтархан әзірлеген «Абылай хан заманындағы қазақ-қырғыз қарым-қатынастарының тарихынан» атты мақаласында бізді қызықтыратын төмендегі деректер келтірілген:

«...Абылай сұлтан орда маңындағы кеңесшілерімен ақылдасып, үш күннен кейін қазақ руларына қырғыз бен құрамаға қарсы аттану туралы жарлық таратты. Абылай көк туын көтеріп, Көкшеден атқа қонды, жауынгер саны жол бойы көбейе берді. 1760 жылдың тамыз айында қазақ әскері Қаратауға келді. Қазақтың үш жүзінен жиналған Аса-Талас бойында бас-аяғын жинақтап бір еру жасады. Осы жерде Абылайға Әбілпейіз бен Ханбаба сұлтандар бастаған қалың өскер қосылды. Қазақ жағынан осы шайқаста ерлік көрсеткен Әлеке Алтын садақ, Серке, Әлібек, Наурызбай, Төлек, Олжабай палуан, Жаманқара, Абай батырлар. Қырғыз жеңіліп ақ үйлі аманат берді. Қырғызды дөрегейне қаратқан Абылай қолы аттың басын Тәшкенте бұрды, Бұқара, Самарқант шаһарларына елші салып, ел іргесін бекітті.1761 жылғы Ресей патшасына жолдаған хатында Абылай сұлтан былай деп жазады: «1760-шы жылы Тәшкен тарапынан ұлы жүзге бардық, содан қырғыз деген жауымызды шаптық, жаманын қырдық, қалғанын ел қылдық. Тәшкен, Бұқара, Самарқант шаһарларының елдері бір атаның баласындай тұруға уағдаластық».

Қырғыз елі осы жорықтың нәтижесінде қазаққа ақ үйлі аманат берді. Абылай көшпелілердің тәртібімен ел арасын бітімге алып келейік деп Сарыбағаш руының манабы Мәмбетқұлдың қызына үйленді. Бірақ басы қосылып, бір мемлекетке бағынбаған қырғыздың тайпалары Алатауға бекініп алып,

қазақты шабуды қоймады. 1764 жылы Әтеке жырық пен Садыр бала Жетісудағы найман ауылдарын шапты. Бұл туралы хабар Абылайға 1765 жылдың басында келді. 1765 жылдың маусымында Жетісуға қазақтың қолы аттанып, қазан айында қазақ жасақтары найманның садыр-матай рұлары өлкесінде 30 мыңдай қол жиналды. Осы шайқаста Қабанбай қартайып қалса да адам шыдатпай жүрген қырғыз Аманәлі батырды жекпе-жекте өлтірді. 1767 жылғы осы шайқаста Көкжал Барақ батыр қырғыз батыры қолынан қаза тапты. Қырғыз бен қазақ арасында 1770 жылы болған қантөгіс Үмбетей жырларында көрініс тапты. Қазақ-қырғыз шайқас-тары тақырыбына Шоқан да қалам тартқан. 1779 жылы Абылай жиырма мың әскермен Алатауға соңғы жорық жасады, Қырғыздар Абылайды қонақжай қарсы алып, екі ел бітісіп, қырғыз билігін Абылайға Бермекке келісті.Тандаулы манаптар отбасы-ларынан аманатқа он отбасы берді...».

Бұл жерде шайқасқа үш жүздің батырлары жиналды деп анық көрсетілген, яғни ол жерде кіші жүз сарбаз-дары да болған. Оңтүстік шығыстағы қырғызды шабу үшін қазақ жерінің батысындағы кіші жүз сарбаздары ханның жиналуға берген уақыты 3 күн түгілі 10 күнде үлгіре алмайтыны бел-гілі ғой, ал оңтүстікте Сыр бойында орналасқан Сәрке бастаған табын жауынгерлері 4-5 күнде үлгіруі әбден мүмкін. Ол жорыққа табын Сәркенің қатысқанын автор да жазып отыр.Ке-зінде бабаларымыз қосар атпен күніне 150 шақырым жерді аттасын тастайды екен, ал Кенесары әскерлері Торғайдан Созаққа бес күнде жеткен екен.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ж.Артықбаевтың «Абылай хан» орыс тіліндегі еңбегінде 1760 жылы қазақ-қырғыз арасындағы Абылай ханның шайқасына қатысқан батырлар арасында Алеке Алтын садақ, Әлібек, Наурызбай, Төлек, Олжабай палуан, Жаманқара, Абаймен қатар Серке батырдың да аты аталған.

Яғни, Сәрке бабамыз 1760 жылғы шайқасқа қатысып қана қоймай, ол шайқаста жекпе-жекте қырғыз батырын жеңгендігі ешқандай дау туғызбайды. Өзирге Абылай ханның қырғызға бағытталған басқа жорықтарына Сәркенің қатысқандығын айғақтайтын басқа дерек кездестірмедім.

Абылай хан жорығына Сәркемен бірге тарихи жырда аттары аталған басқа да батырлар өмір сүрген уақыт-тарына тоқталып өтсек. Тарихи деректерге сәйкес Абылайдың басты батырлары Батыр Баян 1714-1772 жылдары, Қабанбай батыр 1692-1770 жылдары, Наурызбай батыр 1706-1781 жылдары, Бөгенбай батыр 1680-1778 жылдары, Есет батыр 1667-1766 жылдары өмір сүрген. Найман бағаналы Төлек батыр ХҮІІ ғасырда өмір сүрген. Жырдағы Олжабай батыр – әйгілі ғалым, академик Ө.Марғұлан мен ақын О.Сүлейменовтың арғы бабасы.

Енді Абылайдың жорықтарына қатысып, батырларын дастанға қосқан Жалаңаяқ Өздер туралы деректерге тоқтасақ. Шымкент қаласының тұрғыны, суретші Ералы Оспанұлы «Жалаңаяқ Өздер» атты «Тарихат» дастанына сәйкес Жалаңаяқ Өздердің Абылай ханды туғанынан бастап, дүниеден өткенінше желеп-жебеуші пірі болған дейді. Жырда көріпкел әулиенің ханға өзін таныстырғанда:

*Дүниеге шыр-шыр етіп*

*келген соң сен,*

*Өзіңді желеп-жебеп жүруші ем мен,*  
*Атымды Жалаңаяқ Өздүр дейді,*  
*Шілтендер бұл қызметті*  
*маған берген, — деп жырлаған.*  
Табын Серке мен найман Әлібек батырларды жекпе-жекке шығарарда Абылай хан: Қолдаушың жалаң аяқ пірім болсын, бар! – деп бата берген. Дұғаға қол көтеріп Абылай хан, Майданға баруына рұқсат берді, Бөрсін деп жалаң аяқ пірім жәрдем деп жауға қарсы аттанды-рады. Екі батырда жекпе-жекте қырғыздың батырын жеңіп шығады. Бұл жерде де Сәркенің руы кіші жүздің табын руынан екені анық көрсетілген. Менің пайымдауымша Сәрке бабамыз қырғыздармен арада болған қазақтар үшін жеңіспен аяқталған ең үлкен 1760 жылғы шайқасқа қатысқандығына дау жоқ.Сәрке бабамыздың Абылай хан алдына бата алуға атына қамшы басып ашуы келіп, өңі қашып барғандығы суреттеледі. Өкінішке орай бұған дейін Сәрке бабамызға қатысты нақты ресми тарихи құжат болмай келді. Сондықтан тек халық аузындағы деректерге ғана сүйеніп келгеніміз



рас. Деректердің сақталмауынан ел басына күн туғанда жоңғар, қалмақ-тарға қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі болғанын жеткілікті түрде, еліміз түгілі, Сыр елінің өзіне таныта алмай келдік.

Жақында Сәрке батыр бабамыз жөнінде бұрын-соңды көпшілікке мүлдем белгісіз болып келген, жарияланбаған жаңа деректерге қол жеткізіп, ағайындармен бөлісіп, қуанттым. 2023 жылдың желтоқ-санында жаңа буын кәсіби тарихшы-лардың бірі, жаңа көзқарастағы жазу-шы Радик Темірғалиевтің «ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ ТАМГА» атты жаңа еңбегі жарық көрді.Кітаптың «Табын» руына арналған бөлімінде Сәрке батыр туралы жазылған мәлі-метті орыс тілінде беруді жөн көрдім. Тендесі жоқ құнды тарихи еңбектің 565 бетінде төмендегі жолдар бар: ...Одним из известных воителей племени табын в этот период был также Сарке-батыр. Его имя стало ураном ветви шомишти-табын.В различных современных работах нередко указывается, что он погиб в 1724 г. Однако в октябре 1743 г. Абулхайр хан в письме сообщал Неплюеву, что «ныне один русской человек остался у киргизца Серкана. Оной Серкан-табынского роду». Эпистолярное наследие. Т.1...С.161...В следующем письме сообщал Неплюеву, что отправленному через пару недель, Абулхайыр хан вновь извещал: «У табынского роду Серки батыря имеется один полоненик, Там же. С.162...В 1804 г. такой знаток казахской истории, как Кобек Шукирәлиұлы, писал, что Сарке батыр был главой рода табын в тот период, когда родом тама правил Есет батыр, а родом жалпас Отетлеу бий.Это также косвенно свидетельствует о том, что в 40-х гг. XVIII в. Сарке батыр был еще жив. Возможно, со временем будут обнаружены новые документы, которые позволят получить более полное представление о его биографии».

Кітаптағы деректерге сәйкес сол кездерде табын руының жеңімпаз, әскери басшыларының бірі Сәрке батыр болды. Оның аты шөмішті-табындардың ұранына айналды. Қазіргі жиі көрсетілген әртүрлі еңбектерде оның 1724 жылы қаза болғандығы. Әбілқайыр ханның 1743 жылдың күзінде Неплюевке жазған хатында: «Бір орыс адамы табын қырғыз Серканда (Сәрке) қалған. Хат түрінде жазылған шығарма, 1 Том, 161 бет.)». Екі аптадан кейін жолданған келесі хатта Әбілқайыр хан тағы: «табын руындағы Сәрке батырда бір тұтқын бар, 1 Том, 162 бет.). Қазақ тарихының білгірі Көбек Шүкірәлиұлы 1804 жылы Сәрке батыр, тама руын Есет батыр, жалпас руын Өтетілеу би басқарған кезде табын руының басшысы болған деп жазды.Бұл Сәрке батырдың ХVІІІ-ғасырдың 40-шы жылдары бұл өмірде бар екенін дәлелдейді...».

Р.Темірғалиевтің кітабындағы Әбілқайыр ханның Неплюевке жазған хатында қандай орыс адамы туралы сөз қозғалып отыр? Мүмкін бұл адам орыс-қазақ әскерлерінің арасындағы болған соғыстар кезінде қолға түсірілген адам немесе қазақ сарбаздарының керуен тонау нәтижесінде қолға түскен саудагер болуы мүмкін. Орыс помещиктерінен, немесе Ресей үкіметінен қылмыс істеп қашып жүріп, өз еркімен Сәрке батыр қарамағына қосылған жан да болуы мүмкін. Бұл жерде Әбілқайыр ханның Неплюевке Сәрке қарамағындағы орыс тұтқыны туралы хабарлауы түсініксіз. Мүмкін әдеттегідей орыс-қазақ шайқастарынан кейінгі тұтқын алмасу

процесі де болуы мүмкін.

Енді осы ресми құжаттарда көрсетілген тұлғалардың өмір сүрген уақытына көңіл бөлсек. Ресми деректерге сәйкес Әбілқайыр хан 1693-1748 жылдары, тама Көкіұлы Есет батыр 1669-1757 жылдары, жалпас Өтетілеу би Қасқаұлы 1690 –1786 жылдары өмір сүрген. Орыс адмиралы И.Неплюевтің 1742-1758 жылдар аралығында 16 жыл бойы башқұрт жері, Қазақстанның батысы, Орынбор, Самара, Челябинск, Перм облысының бір бөлігі қараған Орынбор өлкесінің губернаторы болуы және сол уақытта 1718-1748 жылдар аралығында Әбілқайыр ханның кіші жүзде хандық құруы кезеңімен сәйкес келеді. Жоғарыда көрсетілген Шәді төре Жәңгірұлы ақынның «Тарихат» дастанында да Сәрке батырдың жалпас Өтетілеу би мен тама Есет батырмен бірге қырғыздарға қарсы жорыққа қатысып, үзегілес болғандығы жырланған.

Бұған дейін Сәрке бабамызға қатысты ең басты ақтандақ, ол батыр-дың туған жылы мен қаза болған жылдарына байланысты қарама-қайшылықтар болып келді. Батыр қаза болды деп келген Ұлытау өңіріндегі Бұланты, Білеуті өзендеріндегі, кейін «Қалмаққырылған» атанған шайқас бір деректерде 1724, 1726 жылдың аяғы мен 1727 жылдың басы, тағы бір деректерде 1728 жылы болған делінеді.

Енді Р.Темірғалиевтің жаңа кітабында бабамыз туралы бұлтартпас жаңа деректер Сәркенің 1740 жылдары тек қана аты белгілі батыр ғана емес, сонымен қатар бір рулы елдің басшысы болғандығын айқындайды. Қызылорда Қорқыт ата атындағы университетінің аға оқытушысы болған физика-математика ғылымдарының кандидаты Арыстанбек Қонысовтың пікірінше Сәрке 1771-ші жылдың көктемінде қаза болған. Сол жылдың көктемінде Нарынқұм мен Жайық бетті қыстаған көп қалмақ (шамамен 120 мыңдай жан) Жайықтан өтіп, қазақ даласы арқылы шығысқа, өздерінің тарихи отаны Жоңғарияға қарай бөңкілген. Қарақұмда отырған Сәрке батыр сарбаздары мен қалмақтар арасындағы қақтығыстарда оны таныған жау «Сәркелеп» қашқан, қуған қазақтар да «Сәркелеп» ұрандаған.Содан болса керек, кейінгі ел аузында «қашқан да Сәрке дейді, қуған да Сәрке дейді» деген сөз қалған.Сол жолы басқа амал таппаған қалмақтар Сәркенің жолына, қалың шидің арасына, мылтықпен мерген қалдырған, сөйтіп батырды 44 жасында (1727-1771ж.ж.), қазіргі «Құмкөл» мұнай кеніші тұсындағы «Ақшиде» атып өлтірген. ҚР-ның Ұлттық энциклопедиясының 7-ші томының 614-бетінде, басқа да көптеген деректерде «Сәрке батыр Өмірқұлұлы 1680-1724-жылдары ғұмыр кешкен» деп қате жазылған. Өйткені, осы энциклопедияның 2-ші томының 146-бетінде Барақ батыр Сатыпалдыұлының өмір сүрген жылдары 1743-1840 деп көрсетілген, ал Барақ батыр болса Сәрке батырдың апасы Қарқараның тұңғышы. Егер біз 1680-ші жылы Сәрке батырды дүниеге келген деп ұйғарсақ, онда Қарқара апасы тұңғышы Барақтың 64-65 жасында туған болады. Бұрын Сәркені қаза болды деп келген 1726-28-жылдарда орын алған Бұланты (Қалмақырған) өзені маңындағы қазақ-қалмақ шайқасына жағалбайлы Сәрке батыр (ол туралы кітабымыздың басқа тарауында тоқталып өтеміз) қатысқан.Сәрке батырдың туған жылы «шамамен 1680» деп санасақ, онда атамыз мен немересі Байқадам батырдың жас айырмашылығы 90-100жылға созылып кететіні тағы бар. Кейін үш ғасыр бірін-бірі ала алмаған ежелгі дұшпан қалмақпен қазақ арасындағы соңғы шайқас тарихта «Шанды жорық» атымен қалған. Демек марқұм А.Қонысов ағамыздың келтірген бұл деректері «Солтүстік Қазақстан» газетінің өлкетанушы Қ.Мұқановтың «Баянсыз жауға шаппаған» атты мақаласымен, Шәді төре Жәңгірұлы ақынның «Тарихат» дастанымен, тарих ғылымдарының докторы Ж.Артықбаев пен ғылыми зерттеу бөлімінің меңгерушісі Н.Дүкенбаевтың «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ресми сайтындағы жариялымымен және ең бастысы тарихи құжат болып есептелетін Р.Темірғалиевтің «ТАМҒА» тарихи еңбегіндегі деректер даңқты Сәрке батырдың 1680 жылы туып, 1724, 1726-1728 жылдары «Қалмаққырылған» шайқасында қаза болғандығы туралы бұрынғы келтірілген көптеген деректерді жоққа шығарады. Сонымен қатар бұл деректер батырымыздың 1727 жылы туып, 1771 жылы ерте көктемде 44 жасында «Шанды жорық» қазақ-қалмақ соғысында қаза болғандығын айғақтайды. Олай болса биылғы жылы Сәрке бабамыздың туғанына 298 жыл, қаза болғанына 254 жыл толады деп бекітуге болады.

**ҚОРАЗБАЕВ Хұсайын Асанұлы.**  
**заңгер-журналист. «Ақпарат саласының үздігі».**  
**Запастағы полиция полковнигі.**

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы К. ЖУСУПОВ:

# МАЛ БАСЫ КӨБЕЙДІ

Ауылдық округтің халық саны 2952 адамды құрайды. Экономикалық белсенді халық саны 1304 адам. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған 402 адам бар. Жұмыссыздар 24 адам ғана. Жыл басынан 2 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

2025 жылы ауылдық округі тұрғындарына «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары арқылы 1 адам жастар практикасымен, 18 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 2 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқуға тартылды.

2024 жылы жалпы бюджет 177,2 млн. теңгеге бекітілген, оның ішінде ІІ-ші тоқсанда бюджет жоспары 81,8 млн. теңге, 2025 жылдың жоспары 220,8 млн. теңге ІІ тоқсанында 142,8 млн. теңгеге бекітілген. Демек биылғы бюджет 24,6% көбейіп, 98% игерілді.

Қарауылтөбе ауылдық округінің жалпы жер көлемі 6 806,0 гектар. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатында табысталған жер учаскесінің көлемі 5 396,9 гектар. Елді мекен жері 767,0 гектар; Егістік жері 1317,2 гектар; Жайылымдық жері 2363,8 гектар; Басқа алқаптар 642,0 гектарды құрайды.



Ауылдық округте 131 шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыс жасайды. Олардың қатарында 3 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 115 дара кәсіпкер, 18 шаруа қожалықтары бар.

2025 жылдың ІІ тоқсанында 6 кәсіпкерлік субъекті тіркеліп, 6 тұрақты жұмыс орны ашылды. Үстіміздегі жылдың ІІ-ші тоқсанында «Бизнес-Бастау» бағдарламасы аясында 8 тұрғын оқу курсын аяқтап, қайтарымсыз грантқа өтініш беруде.

2025 жылдың ІІ тоқсанына жалпы құны 25,4 млн. теңгені құрайтын 3 жоба қаржыландырылды.

«Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жалпы құны 8,6 млн. теңгені құрайтын жеке кәсіпкер «Қурманиева Лаззаттың» асыл тұқымды уақ мал жобасы қаржыландырылды.

2024 - 2025 оқу жылы бойынша 10 оқушы 11 сыныпты аяқтап, ҰБТ–ға толық қатысып 4 оқушы грант иегері атанды.

Ағымдағы жылдың ІІ-ші тоқсанның қортындысымен ауылдағы тұрмыс деңгейі аз қамтылған адам саны 24 болып, 102 балаға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, жалпы көлемі 4 млн. 819 мың 965 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді.

Қарауылтөбе ауылдық округі бойынша ауылшаруашылығы жерлері бойынша 700 гектар жерге күріш, 124 гектар жерге ескі жоңышқа және 276 гектар жерге жаңа жоңышқа, 5,0 гектар жерге бидай, 10 гектар жерге арпа, 150 гектарға қант құмайы (сорға), 3,0 гектарға көкөніс-бақша дақылдары егілді.



«Аграрлық Несие корпорациясы» арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында жалпы құны 16,8 млн. теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылды. «Қаниев Мараттың» асыл тұқымды мүйізді ірі қара жобасына 8,8 млн. теңге, «Каюпов Болаттың» асыл тұқымды мүйізді ірі қара жобасына 8 млн. теңге берілді.

Ауылдық округтегі №179 орта мектепте 530 оқушы білім алуда.

2024 - 2025 оқу жылы бойынша 10

Быттырға қарағанда биыл мал басы көбейді. Нақтылар болсақ быттыр мал басы саны 2 400 болса, биыл 2 637 бас тіркелді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында қалалық бюджеттен 1,9 млн. теңгеге ауылға кіре беріс жаңа қоныс аумағындағы №4, №5 көшелері жарықтандырылды.

«Жарықтандыру» бағдарламасы бойынша ауылдық округтегі жаңа қоныс аумағындағы №7, №8, №9 көшелеріне 3,3 млн. теңгеге көше жарық бағаналары орнатылды.

Бұдан бөлек абаттандыру жұмыстары бойынша С.Байсейітов көшесінің бойынан балалар ойын алаңын орнату үшін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы мердігер «Өділжан и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 5 млн 945 мың теңгеге келісімшартқа отырып, қазіргі кезде құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жолдарды жөндеу жұмыстары бойынша 0,5 млн. теңге қаржы қаралды.

Ауылдық округтің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету жұмыстары бойынша 1 млн. теңгеге ЖК «Бекішов» келісімшартқа отырып, санитария жұмыстары атқарылуда.

Ауылдық округтің көше жарықтандыру бағаналарын электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы АҚ-мен 10,5 млн. теңгеге келісімшартқа отырып, электрмен жабдықтау жұмыстары жыл көлемінде жүргізілуде.

Ауылдық округтегі жарық бағаналарына техникалық қызметтер көрсету бойынша құны 12,2 млн. теңгеге «Инно Тех» ЖШС-імен келісімшартқа отырды.

Жалпы, алдағы уақытта ауылдық округіміздегі өзекті мәселелерді қаржы мүмкіндіктеріне қарай кезең-кезеңімен шешуге тиісті шаралар қабылданатын болады.

## «ҮЛГІЛІ ЕЛДІ МЕКЕН» КОНКУРСЫ ӘДІЛ ӨТУІ КЕРЕК...

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының барысы, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар талқыланған жиналыс өтті. Оған қала, аудан әкімдері мен жауапты сала мамандары қатысты.

Облыс әкімінің қолдауымен елді мекендерде қолайлы орта қалыптастыру, тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіліп келеді.

Соңғы екі жылда облыстық бюджеттен конкурс өткізуге 1,5 млрд.теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Биыл конкурс жалғасын тауып, 564 млн.теңгеге 19 техника беріледі. Жеңімпаздарды анықтау үшін арнайы құрылған облыстық тәуелсіз сарапшылық комиссия отырысы өткізілуде. Конкурс «Үлгілі аудан», «Үлгілі ауыл» және «Үлгілі елді мекен» номинацияларын қамтиды.

Комиссия отырысында қатысушы елді мекендердің құжаттары қаралып, елді мекендерді аралау кестесі бекітілді. Биылғы конкурсқа 39 елді мекен (1 қала, 7 кент және 31 ауыл) қатысуда. Комиссия елді мекендерге арнайы барып, атқарылған жұмыстармен танысты. Қорытындысында жеңімпаздар анықталып, тиісті коммуналдық техникалар табысталады.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Тазалық шараларына 231 мыңнан астам еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты, 10 мың тоннадан (10 023) астам қоқыс қалдықтары шығарылды. Жыл басынан бері өңір климатына жерсінетін 240 700 қарағаш, терек және Сыр талының көшеті егілді.

Аймақ басшысы «Үлгілі елді мекен» конкурсы әділ әрі ашық өту керек екенін қатаң ескертіп, тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізу бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

Тасбөгет кенті әкімі Айдын ТЫНЫШТЫҚБАЙ:

# КӘСІПКЕ БЕТ БҰРҒАНДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Тасбөгет кентінің 2025 жылға бекітілген бюджеті 496 млн. теңге болса, алғашқы жартыжылдықтағы жоспары 302,2 млн. теңгені құрады. Демек жоспар 100 пайызға орындалды.

Сондай-ақ, салық түсімінің жылдық жоспары 125,6 млн. теңгеге болжам жасалса, 6 айда нақты түсім 129,6млн. теңгені құрап, жоспар 103 пайызға артығымен орындалды.

Кентте кәсіпкерлікті қолдау саласында да оң өзгерістер бар. Соңғы жылдары кент аумағында кәсіптік бағытқа бет бұрған тұрғындардың саны күн сайын артып келеді.

Атап айтқанда, кентте2025 жылдың І жартыжылдығының қорытындысымен тіркелген кәсіпкерлік субъектілердің жалпы саны 880-ді құрайды. Оның 606-і жеке кәсіпкер, 256-і заңды тұлға, 18-і шаруа қожалық. Сондай-ақ 6 айдың ішінде 3 азық-түлік шағын маркеті, 2 көлік жуу бекеті, 2 дәмхана, 1 техникалық жөндеу орталығы (ТЖО) және 1 отбасылық кафе ашылды.

Өткен жылы кент тұрғындары мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау, дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, нәтижесінде 29 тұрғын өз жобаларын сәтті қорғап, 72,7 млн. теңге көлемінде қаржы иемденді.

Атап айтқанда:

| №       | Атауы                                                                      | Жоба саны, қаржысы |
|---------|----------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| 1       | «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» | 1 (6,5 млн.)       |
| 2       | «Қызылорда» өнрілік инвестиция орталығының микрокредиттері                 | 1 (8,0 млн.)       |
| 3       | «Ауыл аманаты» жобасы аясындағы микрокредиттер                             | 3 (20,5 млн.)      |
| 4       | 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі қайтарымсыз гранттар               | 24 (37,7 млн.)     |
| Барлығы |                                                                            | 29 (72,7 млн.)     |

2025 жылдың І жартыжылдығында кентте инфрақұрылымды дамыту бағытында мемлекеттік бюджет, демеуші көздері және инвестиция есебінен де нәтижелі жұмыстар атқарылды.

Нақтырақ тоқталсақ, Тасбөгет кентіндегі жаңа бейітті қоршау және тегістеу жұмыстарына қалалық бюджеттен 83,5 млн. теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесінде «SM ORDA GROUP» ЖШС жеңімпаз мердігер жұмысты толық аяқтады.

Кенттегі ең өзекті мәселелердің бірі - тұрғын үй. Қазіргі таңда Тасбөгет кентінде барлығы 95 көпқабатты үй орналасқан. Алайда оның 25-і апатты деп танылған. Өткен жылы Наурыз және Тасарық шағын аудандарында апатты деп танылмаған және шатырларының тозығы жеткен 10 үйдің шатырын жөндеуге қалалық бюджеттен 68,0 млн. теңге қаралып, жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 2025 жылы кенттегі көпқабатты 16 тұрғын үйдің, атап айтқанда С.Сейфуллин



көшесіндегі №23,8, Наурыз көшесіндегі №65, 19, 11А, 31, 31А, 40, Қ.Баймағанбетов көшесіндегі №7А, 3.Шүкіров көшесіндегі №12,14, Наурыз көшесіндегі №7, 20, 70, Ә.Молдағұлова көшесіндегі 39а, Ж.Махамбетов көшесіндегі 31 үйлердің шатырына жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қалалық бюджеттен 104,5 млн. теңге қаржы қаралып, мердігер мекеме тарапынан жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Сонымен қатар Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының тапсырысымен Тасбөгет кентінде ұзындығы 2,7 шақырым болатын жылу құбырының құрылысы жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 1,2 млрд. теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстары осы жылдың қазан айында аяқталады деп жоспарлануда.

Бұдан бөлек биыл кент көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге 15 млн. теңге бөлініп, қазіргі таңда жөндеу жұмыстары толық аяқталды.

Кент аумағын абаттандыру және арық жүйелерін тазалау, аяқ сумен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу үшін қалалық бюджеттен 15 млн. теңге көлемінде қаржы қаралып, мердігер мекеме тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ, кенттің шет аумақтарындағы санитарлық – тазалық және абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына қалалық бюджеттен қосымша 10 млн. теңге қаралып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Тасбөгет кенті тұрғындарының жиі көтеретін мәселесі – көшелерді жарықтандыру. Кент көшелерін жарық-



тандыру бағытында да бірқатар жобалар әзірленді. Кенттегі 6 көшеге, мәселен З.Мәмбетов, С.Сейфуллин, Н.Өткелбаев, Ә.Жангелдин, А.Жанкин, Ж.Әбілқасымов көшелеріне жарық шамдар орнату үшін қалалық бюджеттен 34 млн. теңге қаржы қаралып, мердігер мекеме тарапынан көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар осы бағытта үнемделген қаржы есебінен кенттегі 4 көшеге, атап айтқанда М.Абдраманов, Ж.Дүйсенов, С.Өтеуов және Т.Батыршаев көшелеріне жарық шамдарын орнатуға 6,3 млн. теңге бөлініп, тиісті жұмыстар толығымен аяқталды.

Кент көшелері бойындағы жаяу жүргіншілер мен көліктердің жүріп-тұруына, электр желілері мен жол ережелері белгілеріне кедергі келтіріп тұрған құраған ағаштарды кесу

жұмыстарына 2 млн. теңге қаржы қаралып, тиісті жұмыстар жүргізілді.

Тасбөгет кентіне қарасты Сабалақ саяжайындағы тұрғындардың көптен бері көтеріп келген көгілдір отын мәселесі оң шешімін тауып, саяжайға газ желісін жүргізу үшін 3 кезеңнен тұратын жоба дайындалды. Жобаның жалпы құны 3 млрд. теңге болса,қазіргі уақытта аймақ басшысының тікелей қолдауымен300 млн. теңге қаржы қаралып, саяжайдың ішкі газ желілерін тарту жұмыстары жүргізілуде.

Сабалақ саяжайы тұрғындарының сұранысына сәйкес ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі де өз шешімін тапты. Бұл жобаға облыстық бюджеттен 188,7 млн. теңге және қалалық бюджеттен 200,3 млн. теңге бөлінді. Жобаны «Авангард ПГС» ЖШС жоспарға сәйкес қарқынды жүргізуде.

Кент тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту бағытында жыл басынан бері атқарылған жұмыстардың жалғасы ретінде тағы да бірқатар жобалар әзірленді.

Атап айтқанда Тасбөгет кенті аумағында қоғамдық көлік қатынайтын бірқатар көшелерге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленді. Жобаның жалпы құны 328 млн. теңгеге қаржыландыру үшін облыстық бюджетке өтінім берілді.

Сонымен қатар кенттегі Е.Қосжанов, Қ.Юсупов, Ә.Жалғасбаев, С.Шажанбаев, Қ.Байдаулетов, Қ.Тілеуберенов, Ж.Тәжімов көшелеріне жарықшамдар орнату үшін 24,6 млн. теңге қаржыға бюджеттік өтінімдер берілді.

Тұрғындардың сұранысына сәйкес кент аумағына 2 балалар ойын алаңын салу жоспарлануда. Жоба құны 25,1 млн. теңгені құрайды.



# Ақмешіт Ақшамы



\*\*\*

Сарыла күткен қонақтарымыз Әбсаматтың өзі жазғандай айдың аяғында емес, келесі айдың орта шенінде келді. Бұл кезге дейін Құлахмет ағай да ауруханадан шығып, қалбиып үйде жүрген. Ит үріп, есік қағылғанда, екеуміз де сыртқа жарыса шықтық. Құлахмет ағай сол екпінімен ұзын бойлы, денелі, басында жылт-жылт еткен күндіз құлақшынды, көк елтіріден құлама жаға салынған пальтосы бар кісінің құшағына қурайдай боп қойып кетті. Екеуі көрісіп болған соң, Құлахмет ағай маналы бері өздеріне күлімсіреп, амандасудың ендігі кезегі өзінкі екенін біліп, дайындалып тұрған жеңгесіне құшақ жайды.

— Аманбысың, жеңеше-ау! Тым болмаса мына Әбсаматты сен асықтырсаң

— Көшетін болдым?! Қайда?!  
— Анда, - деді ол қолын бағдарсыз сілтей салып.  
— Орынборға. Әбсамат солай дейді. Жалғыз тастай алмаймын, алып кетемін дейді. Бұл жерде жүре берсең көмусіз қаласың дегенді айтады.  
— Солай ма!  
— Иә. Солай, көмусіз қаласың дейді.  
— Бұл сұмдық екен! Мен орнымнан тұрдым.

— Ал, өзіңіз қалай шештіңіз, көшесіз бе?

— Көшемін деп айтқан жоқпын ба? Ертерек көмілетін жаққа кетейін. Орынбордың да көрін көрейік.

Ол мыре етіп күліп жіберді. Оның бұл күлкісі маған қорқынышты боп естілді.

— Көмусіз қаласың... О, тәңірі,

саусақтарымен дымқылданған жанарын сүртіп отыр. Мен оны бұрынғымнан он, жүз есе артық жақсы көріп кеттім. Адам дегеннің әлсіздігі де, басына күн тумаса еш нәрсені терең ойламай, бейғам жүре беретіндігі де осы екен-ау. Екеуміз де ешқашан айырылыспайтындай, шайтан боп тірі жүре беретіндей, тіпті, қанша ұзақ жасадық дегенімізбен бір-бірімізге уақытша ғана қонақ екенімізді жайшылықта естен шығарып, кей сәтте оның «көгершіндерім, періштелерім» деп езіле беретін мінезін ұнатпай, онымен сөйлеспестен өз бөлмеме кіріп жатып алушы едім. Сол кезде екеуміздің ара қатынасымыз ақыры бір күні еріксіз үзілер-ау, біріміз ойға, біріміз қырға кетіп, мына жарық дүниеде енді қайтып кездеспей кетуіміз мүмкін-ау, сондықтан аз тұрсақ та



жеңілірек. Осыған тірелгенде мен кімді кіналарымды білмеймін. Сафураны ма, әлде Құлахмет ағайды ма? Егер осы әңгімені сырттай есіткен болсам, сөз жоқ Сафураны опасыз, бас қамымен кеткен жүрексіз дер едім, құдай-ау, тіпті, алғашқы кезде солай деп ойладым ғой. Ал Құлахмет ағайды әйеліне ие бола алмаған, жалғыз қызына әке болып жарытпаған ынжық дер едім. Жо-жоқ, екеуі жайлы мұндай ойдан мен тап қазір мүлде аулақпын. Олардың екеуінде де өмірге деген құштарлық, талпыныс жатқан деп ойладым ғой. Бірінің талпынысы зуылдап өтіп бара жатқан өмірдей буырқанды да, саябыр тапты. Өзінің бақытқа қолы жеткенімен жүрегіндегі азап пен аяушылық мәңгі өшпейтінін, өзін өмір бойы қинап өтерін сезді. Ал, Құлахмет ағай болса... Ол, ол жайлы мүлдем басқаша. Ол Сафураны

етті, — деді ол оның маңдайынан сүйіп. — Менің тезімімді сынап көрмек болдындар ма түге?!

Құлахмет ағайдың бұл сөздері алыстан келген қонақты қарсы алғанда айтылатын үйреншікті наз ретінде қабылданып, оған ешкім де себеп айтқан жоқ, тіпті, көңіл бөлінбеді десе де болғандай еді. Құшақтасу, көрісу аяқталып, мен олармен танысып біткеннен кейін, әлгі бір сағыныш әсерінен туған көңілдік бірте-бірте бәсеңсіп, еріндегі күлкі атаулы жасырын ғайып болды. «Сөйтіп, ауруханадан шыққанымға бес-алты-ақ күн болды де, енді қалай, еш жерің ауырмай ма?» деп отырған Әбсаматтың даусында да, үй ішін көзбен шолып, әппақ орамалымен әлгінде Құлахмет ағайдың ерні тиген маңдайын байкатпай сүртіп отырған жеңгейдің кенет пайда болған тым сабырлы да, салқын көзқарасында да өздерінің бұл жаққа жай қыдырып, я болмаса тойға келмегендіктерін, керісінше, Құлахметтің сергелдені мен ауыр халін көру үшін жеткенін танытатын еңсе басқан көңілсіздік жатыр еді. Туыстарының осы бір сәт қандай ойға ауысып кеткенін аңғарды ма, әлде шынымен-ақ абдырап жүріп жаздына жаңа оралды ма, Құлахмет ағай кенеттен:

— Апыр-ау, сендер екеуден-екеу келіпсіңдер ғой. Балжан... Балжанды ерте келіндер дегенім қайда еді? — деді.

Қонақтар бір сергіп күліп алды да:

— Ол сені мен біздің еркімізден шығып кетті ғой, — деді қосарлана.

— Негыл дейді, еріктен шыққаны несі?

— Күйеуге тиіп кетті, — деп жауап қатты ағасы.

— С-солай деңдер! «Осылай еді» деп бір ауыз хабар да бермегендерің бе сонда? Кімге, қашан, қайда кетті?  
— Оны қайтесің, сөз етуге тұрмайды. Сол өзіміздің қаладағы бір жапан аяқ студентке шықты. Онысы әлі екінші курсті де бітірген жоқ.

— Ама! бар ма, теңін тапса болғаны. Оқуы бітпейтін оқу емес шығар. Сонан соң теңеледі де кетеді. Өттесі-ай-ә!  
— Өзін неге өкініп отырсың?  
— Ә-ә... жоқ-ә, мен неге өкінемін. Тек асығыстық болған екен.

Құлахмет ағай талайдан бергі тәтті арманының аяқ астынан, бас аяғы бір-екі-ақ минуттің ішінде тас-талқан болғанына сенерін де, сенбесін де білмей төмен қарап біраз уақыт үнсіз отырды да, мұның бәрі шындық екенін енді ғана түсінген адамша кінәлі көзбен маған бір қарап қойды. Мен іштей күліп жібердім. Төқаппар, маңғаз, ақылды, сұлу Балжанның маған қатысты тарихы осымен төмам болды, енді ол екеуміз бір-бірімізді жақсы да көрмейміз, жек көрмейміз де.

Ертесіне жұмыстан кештетіп оралсам, үй ішіндегілер көңілсіз отыр екен. Құлахмет ағайдың басы төмен құлап кетіпті, әлдекадай бір мәселенің шешуін таба алмағандай жүзінде киналыс, мұң бар. Мен кіріп келгенде олар маған жай бір көз тастап, өз ойларымен отыра берді. Әбсаматтың стол үстін әлсін-әлсін саусағымен тықылатқанынан оның Құлахмет ағайдан жауап тосып отырғанын аңғардым. Орынбордан келген қонақтар үшін, әрине, мен мүлде бөтен адаммын, олар бұл әңгімеге араласуымды керек етіп отырған да жоқ, керісінше туыстардың онаша сөздерінін үстіне кіріп келгенімді ұнатпай қалған секілді. Әлде амандасу, әлде қайырлы кеш айтқандай бас қағымға ғана аялдап, басымды изедім де, өз бөлмеме беттедім.

...Құлахмет ағай мені ерте оятап алды. Таң енді бозарып, үй іші алакеуімденіп келе жатқан шақ еді. Ол менің кереуетіме кеп отырды да, өзінің мұнда не үшін келгенін ұмытып кеткендей, көпке дейін тіл қатпады. Әлден соң маңдайына тіреген қолын түсіріп, ауыр күрсінді. Соған қарап мен оның әлі көз ілмегенін сездім.

— Сапар... мен... мен көшетін болдым, - деді ол үзе сөйлеп.

өлген соң көмілдік не, көмусіз қалдың не, басыңа көк тас қойды не, қоймады не, бәрібір оны өзін көре алмайсың. Хан да бір, қара да бір. Адам байғұстың обалы не керек, өлсең көмерін көмер-ау! Не қатын жоқ, не бала жоқ, не жұмыс жоқ, жалғыз басын қуарып не бітірмексін дейді. Онда барып не бітірмекпін? Немене, онда мені Сафурам мен Нәзікетім, соғыста жоғалған бір қолым күтіп тұр ма екен? Ол мені енді өз шаңырағымнан да ажыратпақ-ау...

— Құлахмет ағай, демек сіздің көшкіңіз келмейді екен ғой!

— Енді маған бәрібір. Жүр десе жүремін, қал десе қаламын. Бірақ, мынау үйді қимайтын сияқтымын. Бұл үйде менің бүкіл өмірім өтті ғой, бұл үйде Сафурам мен Нәзікетім тұрды ғой. Көгершіндерім менің! Ол күндер де бақытты күндер екен-ау! Қайран, енді оралмайтын күндер-ай!.. Қайта айналып соқпайтынына көзің жеткенде, адам өзөміріндегі азапты сөзтерің де аңсайды екен. Өйткені, менің алдымда жаңа қуаныш, жаңа бақыттың нышаны да жоқ. — Сенен бір өтпінерім, — деді ол аз-кем кідірістен соң, — мынау үйді өзің сатып ал, маған салса, ақшаның қажеті жоқ дер ем, тек Әбсамат көнбей отыр. Тым болмаса, жарты ақшасын алайық, қалғанына қол хат алып кетеміз дейді. Өзге біреуге сатып, бұл үйден рухымды біржола жоғалтпайын деп, сенімен сөйлесуді жөн көрдім. Әрі... кім біледі, көгершіндерім де келіп қала ма? Сонда оларды бөтен ит абаалап қарсы алып, дәрбазадан көрінген басқа біреу: «Ол бұл үйде тұрмайды, біз сатып алғанбыз» десе екеуінің жаны жасып, бұл дүниеде жетіміп қалғандай сезінбей ме? Сен болсаң, әйтеуір өз адамымызсың ғой, екеуін туғанындай қарсы алып, жадау көңілдерін онан әрі жабықтырмас ең. Сонан соң... оған дейін топырақтан тысқары жүрсем, маған бір хабар айтар ма едің... Бірақ, сенде үй сатып алатын ақша қайдан болсын.

Екеуміз де үнсіз қалдық. Осы қара көленке бөлмеде, сықырлауық керует үстінде бір-бірімізге айтар сөзіміз көп болса да, ләм дей алмай толғанып отырып, адам дегеннің үміті шексіз екенін ұғындым. Адам баласы қандай құдіретті, қандай әлсіз еді! Бұлтартпас өлімнің жақындап келе жатқанын еске алғанда Құлахмет ағай өмірден түңіліп кей сәттерде сол өлімнің ертерек келуін тілейтін, «менің өмірден алар еншім — азап қана, расхат деген бұйырмаған» дейтінді, ал, осы ойының бәрі бір сәтке естен шықса алдағы күннен жалтақтап, жаңа сәуле, жаңа үміт дәметеді. Дүниеге келгенде жылап туылатын адам, тым болмаса кетерінде жылап кетпей, күліп кетуді көкесп, ақтық дем біткенше өмірден жақсылық кутумен болады ғой. Саран өмірдің сан жетпес ғасырлардан бері ойланып-толғанып, өлшеп-пішіп, енді ғана сыйлаған қамшының сабындай қысқа бес күн жалғанында шын бақыттың дәмін бір рет татқысы келмейтін жан өткен бе? Барлық жұртқа тән бұл қасиет Құлахмет ағайда неге болмасын. Осы сәтте оны құшақтап сүйгім келді, егер еркімде болса, болашақ бақытымнан ойып алып оған сыйға тартқым келді. Өйткені ол қанша түңіліп сөйлесе де өмірді өлердей сүйетін еді. Егер ол ертенгі ғұмырынан қуаныш нышанын сезетін болса, төсек тартып жатқан жерінен ұшып тұрып барлық сырқат атаулыны денесінен сыпырылған көрпедей ысырып тастап, талқаны таусылғанына да қарамастан өмір сүре беретіндей көрінетін.

Ама! не, өз бақытымын ойып беру қолдан келмеді, тіпті, оның бір тілегін қабыл алып, үйін сатып алуда да шамам жетпеді, алыстағы қол жетпейтін нәрсеге ғана жомартпыз. Сонымен, сүйікті Құлахмет ағайым көшетін болды. Бір қуаныштысы сол, дер кезінде үйді сатып ала қоятын адам табылмады да, кесілген нарыққа келісетін кісі болса Орынборға тез хабар беретін боп осы үйде уақытша тұрып қала бердім. Онымен айырылысу маған өте ауыр болды. Өне, ол да менің қасымда тап бір ұзатылатын қыздай мұнайып, арық

сіз-біз десіп қана ғұмыр кешейікші деген ой естен шығып, сыйласа да бермеген сәттер болды. Мұны неге бұрын ойламадым екен? Адам баласы бір-бірімен кеше танысып, бүгін қоптасқалы отырған қонақтарды сыйласып өтсе ғой айырылысар сәтінде де, тіпті, мәңгілік көз жұмғанда да өкінішсіз өтеді екен-ау! Мұны да кеш ұғыппын, бәлкім, тіршіліктің болымсыз күйбеңімен жүріп, бұл да тағы ұмытылып кетер. — Өне бір алманы жаңа үйленген кезімде Сафурам егіп еді, — деді Құлахмет терезеден бауға қарап. — Ол көшет ұстап тұрып еді, мен көміп едім. Онда менің көгершінім періште еді-ау... Осы ағаштардың бәрі де жас болатын. Түк те ойламаушы ек... Енді бәрі де бітті!.. Ол алма да жапырағынан айырылған. Мен де түл қалдым. Бұл араның топырағы денемді жатысынатындай, тірі кезімде өлігімді Орынборға сүйретіп барамын. Бармай-ақ қояр ем, мейлі, тағдырдың жетектегініне көңір жандай еріп көрейін, қайда апарар екен, не істер екен. Мені қинайтын жалғыз нәрсе — о дүниеге не деп барамын, не тындырдым деп барамын. Тым құрыса әке боп, артыма бір адамды тәрбиелеп қалдыра алмадым...

Оның үні бітіп, жұтына берді. Сәлден соң қайта сөйледі.

— Мейлі, өмірден біраз адамның осылай өтуі де қажет шығар. Санап шашылған бақыт кімге жетпек? Оған жұрттың бәрі ұмтылады, бірақ бәрі бірдей жетпей алмайды. Егер мен бақытты болсам бәрібір бір адам өкінішті өткен болар еді ғой. Демек, бақытсыздықты өзім алып, белгісіз басқа бір жанды қуанышқа бөлеген екенмін ғой. Мен осыған да қанағат етемін. — Ойпырмай, сенімен қалай қоштассам екен? Енді қайтып көрісеміз бе, жоқ па?

— О не дегеніңіз! Орынбор деген мына тұрған жер емес пе, сіз келе алмасаңыз да мен барып тұрмын, сіз жазысамыз...

— Рахмет саған... — деді ол сыбырлай, булығы сөйлеп. — Адал, шын ниетіне рахмет. Кел, құшақтасайықшы.

Біз енді қайтып көріспейтін бауырларша ұзақ құшақтасып қоштастық. Мен оларды аэропортқа дейін шығарып салып, самолетке отырғыздым. Бүкіл қалада жалғыз өзім қалғандай құлазып, аялдамаға қарай ілбіп қозғала бердім.

\*\*\*

Жалғыз адам ойышыл да, қиялшыл да болады екен. Әсіресе екі жылдан бері мидай араласып, бір-бірінің тағдырына ортақтасып, бұрын жат болсақ та жақын боп кеткен адамдардың әрқайсысы әр жаққа тарап, солардың шаңырағы астында ешқандай туыстық қатысың жоқ бола тұрып ие боп қалсаң әр тағдыр жайлы шексіз де шетсіз ой құшағына еріксіз шома береді екенсің. Өмір дегеннің әрі күрделі, әрі жапаң, әрі шынайы, әрі жалған екеніне ой жүгіртесің. Табиғат адамға өмір берді, өмір сүруге қажетті нәрсенің бәрін де жаратты. Ал адамдар ақыл-ойдың, парасаттың иесі бола тұрып, болмашы нәрсе үшін бірін-бірі жеңеді, я жеңіледі. Жеңілгені адамды емес, өмірді қарғайды, оған нағызет айтып, әлгі адаммен өле-өлгенше жауығып өтеді. Онысымен тұрмай, ит ашуын тырнадан алады дегендей, ол да өзінің шынамсы жетер біреуге өктемдік көрсетеді, сөйтіп, жер бетіндегі тамаша өмірдің сәні мен мәнін өздері бұзып, өздері бұрмалап, «бұл өмір опасыз, бұл өмір ит өмір» деп ант ұрады, күйінеді, бірақ бұл неге бұлай болды, осының бәріне кінәлі өзіміз-ау» деп ешқашан өздерін кінәламайды. Адам жөргектен бастап табытқа дейін үйреніп өтеді. Сол ғұмырында оған бәрі де — жақсы тұрмыс, жақсы жар, адал дос, баянды бақыт, бәрі-бәрі де қажет. Сол жолда ол жаңыс басады, кәтелеседі. Сонда адам бір-бірінің қолтығынан сүйемесе, оған демеу болмаса, оның несі адам, несі адамдық? Кәтеліктің де екі түрі бар: бірі — білмей кәтелесу, екіншісі — біле тұра бұра тарту. Ылайым құдай бізді соңғысынан сақтасын, ал біріншісін жолға салу соңғысынан

өлердей сүйді, өз өмірінен де артық сүйді. Ол өз бақытын Сафурадан ғана тапты. Сондықтан, ол қылмыс жасаса да Сафураны «періштем, көгершінім», деп атай беруге дайын. Мейлі ол мұң тастап-ақ кетсін, өзге біреуге қосылып, іздеген максатына жетсін, бәрібір, Құлахмет ағай бұл дүниеден соны ғана сүйіп өтеді.

Мен есі ауысқан кісіше орнымнан атып тұрып, шам жақтым. Ішкі дүниеде дүлей дауыл ұйытқығандай, өзіме-өзім сыймай бара жатқан сияқтымын. Белгісіз бір күштің күдіретімен столға кеп отырдым да, хат жазуға кірістім. «Сүйікті Сафура, — деп бастадым хатты. — Сүйікті дегеніме ренжи көрменіз. Мен сізді сүйемін, мен сізге ғашықпын. Иә-иә, сіз сияқты адамды сүймеу деген күнә ғой. «Мына пәтерші есінен ауысқан шығар, амандық-саулық жоқ, ә дегеннен ғашықпын дегені несі?» деп танданып та отырған шығарсыз. Танданыңыз, тандана беріңіз! Есіңізде ме, айлы түн, есік алдындағы шайла іші... Сіз қызырып кеттіңіз бе? Қайдағы бір өткінші жауындай өте шыққан оқиғаны еске салғаным үшін кешіріңіз. Мен сол түнді әлі ұмытқан жоқпын, дәл жаңа ғана басымнан өткергендей көз алдымда тұр. Ол түн менің өле-өлгенше есімнен кетпейтін ең бақытты түнім екенін мен тап қазір сізге хат жазу үстінде ғана сезініп отырмын. Осындай бақытты минуттардың енді қайтып ораламайтынын жақсы білемін, сол үшін өкінемін де. Сіз қандай ауялы, ақылды әйелсіз, Сафура! Ой, тәңірім-ай, мен сізге мүлдем басқа жайлы жазбақ едім, не деп барамын бұл! Адам не деген сабырсыз еді, мен өзімді-өзім ұстай алатын емеспін ғой. Ақыры мен жалғыз қалдым. Құлахмет ағай да бұл үйден біржолата кетті. Орынбордағы туысы алып кетті. «Ә, бәлем, ойың түсінікті болды, ғашықпын деп отырғаның сондықтан екен ғой» деп ойлай көрменіз! Ол сізді қандай сүйетін еді, Сафура!

Ал мен ше? Мен де оған ғашықпын. Шіркін, құдай сондай жүректерді молырақ жаратса ғой! Мен сізге ақыл айтудан аулақпын, өйткені, өзіңіз де ақылдан құр алакан емессіз. Бірақ, алыста жүрсеніз де, оған қайтып қосылмасаныз да Құлахмет ағайды тым болмаса іштей аяңыз, оның өзіңізге деген таң шығындай мөп-мөлдір таза сезімін сыйлаңыз. Бәлкім, өтіп кеткен көмексі тіршілікті еске алып, өмір шырықын бұзғыңыз келмес, алайда, онаша қалған кейбір сәттеріңізді сізді ғана сүйіп өтетін адам жайлы бірретте болса ойлаңызшы. Бұл соншалықты қиын емес қой, және, ой деген сіздің бақытыңызды тартып ала алмайды. Менің сізге айтарым тым көп сияқты еді, хатқа жазып сыйдыра алмасыпн деп ойлап ем. Бірне айтарымды білмей, бірді айтып, екіге көшіп отырмын. Айтпақшы, өзіңіздің хал-жағдайыңыз қалай? Смағұл сол бойы хабарласпай кетті ме? Нәзікеттің дені сау ма? Ол мектепке барып жүр ме? Тез хат жазыңыз, Сафура, мүмкіндігінше тезірек. Сізден не күтетінімді өзім де білмеймін, әйтеуір, бір лезбіңізді есітуге ынтықпын. Жағдайыңызды айтып хат жазыңыз. Сау болыңыз, Сафура! Сіздің бұрынғы пәтершіңіз».

\*\*\*

Күндер өтіп жатты. Кеше мен бүгіннің бір-бірінен айырмасы жоқ, енжар да сылыбр, ұшқыр да шапшаң күндер. Кеш батса үлкен қала ұйқыға шомып, таң бозынан қайта тұрады. Адамдар да, машиналар мен автобустар да, трамвайлар мен троллейбустар да әлдеқайда асыулы. Олар кеше де осылай асыққан, бүгін соның бәрін қайта бастады, ертең де сөйтеді. Ерсілі-қарсылы ағылған қоліктер адамдардың бірін қызметке, бірін сабаққа, бірін әлдекалай бір кездесулерге, тағы-тағыларға қарай алып ұшып барады. Бүгін мінген жолаушы оған енді қайтып өмір бақи

отырмас, ол үшін бәрібір. Оның міндеті — оларды керекті жеріне тез жеткізу, және кім мінсе соны жеткізу. Кешегі кісі мінбеді-ау деп ол жоқтамайды, күтпейді де. Өмірдің қаталдығы ең арысы автобуста да жатыр. Мен трамвайда келе жатып тағы да Сафура жайлы ойлап кеттім. Адамдардың бір-біріне жасайтын қылмыс, қиянаты жайлы толғансам, неге екені белгісіз әрқашан көз алдыма екі адам — Құлахмет мен Сафура кеп көлденеңдеп тұра қалады. Және, екеуін де қаралағым келмейтін сияқты. Сафураның бар кінәсі бақытты өмір сүрсем деп, жарыққа ұмтылған көбелектей шарқ ұрды, бірақ, өзі іздеген максатқа жеткенмен басқа бір жанның бейшара халі жанын жегідей жеп, азап пен дозаққа тұншықтыра берді. Өз қателігін осылай мойындау, осылайша іштей толғанып, өзге біреуді

аяу — жаны таза әйелдің ғана, мейлі, дәл қазір ол адал болмай-ақ қойсын, әйтеуір, табиғаты пәктікке, адамдық арға талпынған әйелдің қолынан ғана келер еді.

Бірнеше күн өткен соң менің осы ойымды растағандай Сафурадан сарыла күткен хат та келді. «Өмір не деген қызық, — деп бастапты ол хатын ә дегеннен. — Иә-иә, не деген қызық еді! Сен танданып тұрған шығарсың. «Егер бұл сөзді басқа біреу айтса жарасар еді, саған сиырға ер салғандай ерсі емес пе?» деп те ойларсың. Жо-оқ! Мен өмірге ешқашан да өкпелемеймін. Не деп өкпелемекпін? Ол маған сөйле деп тіл берді, көр деп көз берді, ойла деп ақыл берді, қызығын көр деп ғұмыр берді, сезін деп жүрек берді. Мұның үстіне қосып «бақыт бер» деп айтуға қалай ұятым барады? Бір адам үшін мұның бәрі тым көп емес пе? Ал, көпсінбеймін дейді екенсің, өмірдің өзі сыйлаған әлгі қасиеттерін пайдалана біл, ал, қолың жетпейді екен, өзіңнің өмір сүре алмайтындығыңнан көр. Сенің хатыңды алған күні таң атқанша көз ілмей шықтым. Құдайым-ау, сен не боп кеткенсің, бірді айтып бірге көше беріпсің, бұрынғы ұстадмылығың, сабырлығың қайда, әлде, біз сияқты ол да тұс-тұсқа шашырап кетті ме? Қайдағы бір айлы түнді айтып, «ол менің ең бақытты түнім еді» депсің, әсте, сен маған хат жазғанда шарапханадан шығып жазған шығарсың? Осы сен маған ғашық боп жүргеннен саумысың өзін? Рахмет саған. Жабырқап жүрген көңілімді алашадай бір сілкіп, езу тартқызағын үшін рахмет! Бірақ, сен сүйе бер (әрине, басқаларды), ғашық бола бер. Дәл осы хатындағыдай албырт, дегбірісіз, сабырсыз махаббатпен сүй. Ал ол қыздың ақыл-есін байқап, тұрақты бола ма, болмай ма, үйліл-баранды, балалы-шағалы өзіме, ағайын-туысыма жаға ма, жақпай ма деп көз жеткізіп сұю — махаббат емес, залымдық. Ғашықтық көзсіз болу керек. Бақытынды табарсың, таппасаң, оны кейін көресің. Ессесіне сен шын ғашық болу дегеннің не екенін ұғынасың, соның әсі бақыт. Ал мен... мен олай ете алмадым. Кейінгі оянған сезімім тым есейіп кетіпті. Ол таңғы шықтай мөлдір емес, залымдықпен, ызаман, белгісіз бір қапамен астасып жатыр: Енді маған әуре болудың қажеті жоқ. Жұртқа осы күлкі болғаным да жетер... Сен менің қазір қандай халде жүргенімді түсінсең! Жұрт көзіне көрінуден қалдым. Бәрі мысқылдап, келеке етіп тұрғандай болады. Тіпті, өз үйіме де жеккөрінішті боп, олардың арына дақ салып, беттеріне шіркеу боп біттім әбден. Көкірегімді ыза кернеп, кейде құлақ естіп, көз көрмеген бір қиянға қаңғып кеткім келеді. Сенен хат келгенде қуануымның бір себебі де осы болды. Жан досым, сырласым келгендей, хатында оқып отырып жылап та жібердім. Өмір дегеннің өзі де кездейсоқ құралады екен-ау! Қарашы, осыдан екі-үш жыл бұрын ғой біз бір-бірімізді мүлде білмейтін жандар едік. Біз сияқты бір адам мына жердің бір нүктесінде тіршілік етіп жатыр ма-ау, жоқ па-ау, оны ойлаған кім болар еді. Енді келіп мүлде жақын боп кеттік. Сенесің бе, менің ең жақын адамым туысым да емес, бауырым да емес, сен ғана боп қалыпсың. Ойымдағының бәрі-бәрін саған жеткізуге, сенің алдына ақтарып салуға асығаным. Бірақ, мезгілсіз хат жазып, сендердің мазаларыңды алғым келмейді. Байғұс Құлахмет!.. Сөйтіп, ол... кетті де. Оны туысы қайбір мейірімі түсіп ертіп кетті дейсің. Білемін ғой олардың сырын!.. Үй жетім қалған екен-ау! Сен шаңырақты өгейсітпегейсің. Мен білетін Құлахмет болса қайтып келеді. Денсаулығы нашарлап кетті дейсің бе? Қош, сау бол! Мен бұдан әрі ештеңе жаза алатын емеспін. Көршілерге... жоқ, сәлем айтпай-ақ қой, не бетіммен сәлем айтамын. Құдайым-ай теңі!..

*(Жалғасы бар)*

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА ҚАДАМ БАСЫП КЕЛЕМІЗ

Аймақ басшысы Конституцияның 30 жылдығымен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ауқымды өзгерістерге тоқталды. – «Конституция – тәуелсіздігіміздің ең басты тірегі, мемлекеттігіміздің кепілі. Ата Заңды ардақтау – келешекке көруен тартқан мемлекетіміздегі әрбір азаматтың асыл парызы. Біз осы реформалар арқылы саяси жаңғыруға, «Заң мен тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті Қазақстанды құруға қадам басып келеміз. «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірі Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қарқынды даму жолына түсті.

құрайтын 45 жоба іске асырылып, 1 400 тұрақты жаңа жұмыс орны құрылды. Биыл 631 млрд. 400 млн. теңгеден астам инвестиция тартуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде, 7 айда 351 млрд. 800 млн. теңге инвестиция тартылды. Жоспардың орындалуы бойынша Қызылорда облысы республикада бірінші орында. 2025-2028 жылдары аймақта құны 2 трлн. теңгеге жуық 89 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 302 млрд. 500 млн. теңгеге 27 жоба іске қосылады.

тойын тойлады. Барлық аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ға жуық пәтер табысталды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 3 800 дайын пәтерді сатып алуға 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Көптеген әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне айналды. 2022 жылдан бері жаңадан 15 мәдениет нысаны, атап айтқанда, барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен



Биыл облысымыздың бюджеті 823 млрд. 400 млн. теңгені құрап, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды. Халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды ірі инфрақұрылымдық, инвестициялық жобалар қарқын алды. Соңғы 3 жылда өңір экономикасына 1 трлн. 600 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Экономиканы өртартапандыру мақсатында өткен үш жылда құны 98 млрд. 500 млн. теңгені

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі қалануда. Егемендігіміз баянды, Тәуелсіздігіміз мәңгілік, Ата заңымыз тұғырлы болғай!», - деді Н. Нәлібаев. Аймақтың сәулеттік келбетін айшықтап, жұртшылықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс

музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты бой көтеріп келеді. Нысан алдағы қараша айында пайдалануға беріледі. Жас ұрпақтың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылуда. Қаржыландырудың барлық көзінен 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

«POWER INTERNATIONAL HOLDING» ГАЗ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫН САЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Power International Holding» компаниясының Қазақстан бойынша атқарушы директоры Амер Махасенмен кездесті. Аймақ басшысы атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар туралы айтты. – «Сыр өңіріне қош келдіңіздер! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Қатар мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни арасында қол қойылған келісімдер ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға берік негіз болды. Энергетика және газ саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімдер аясында «Power International Holding» компаниясы Қызылорда облысында қуаттылығы 1 100 мегаватт болатын газ-электр станциясын салуды жоспарлауда. Еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр қуатының тапшылығы айқын сезіледі. Жаңа бу-газ станциясы тек біздің облыс үшін ғана емес, тұтас еліміздің энергетикалық тұрақтылығы мен экономикалық дамуы үшін үлкен маңызға ие. Аталған жоба жаңа өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандардың іске қосылуына серпін беріп, халықтың өмір сапасын арттыруға ықпал ететініне сенімдіміз. Қазіргі таңда облыс әкімдігі жобаны орналастыру үшін 250 гектар жер телімін беріп, тиісті келісімдер жүргізілуде. Құрметті Амер Махасен мырза! Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті зор. Өңірдің басты артықшылықтарының бірі - минералды-шикізат ресурстарының мол қоры. Облыс аумағында қара және түсті металдардың, пайдалы қазбалардың және сирек кездесетін жер элементтерінің қоры бар. Еліміздің ванадий қорының 66%-ы, мырыштың 16%-ы, корғасынның 11% және уранның 15%-ы Қызылорда облысында орналасқан. Мұнай қорының жыл сайынғы төмендеуін ескеріп, өңдеу өнеркәсібінде бірлескен жобаларды іске асыру үшін қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға мүдделіміз. Атап айтқанда, құрылыс индустриясы, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, тамақ, химия, тау-кен өнеркәсіптері. Аймағымыздағы әлеуеті зор, құны 2,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын 61 инвестициялық жобаның тизерлерін қарастыруды ұсынамын. Жаңа жобаларды орналастыруға арнайы экономикалық аймақ және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген индустриалық аймақ бар», - деді Н.Нәлібаев. Кездесуде Амер Махасен өңірдің инвестициялық әлеуеті жоғары екенін атап өтіп, алдағы уақытта бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылатынын жеткізді. Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында «Акса Энерджи» компаниясымен бірлескен, қуаты 240 МВт болатын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы жүргізілуде. Бұл жоба электр энергиясының жүктемесін тұрақтандыруға әрі энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосады.

ЖОБА

ПРОЕКТ

АҚСУАТ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ, Ж.МАХАНБЕТОВ АУЫЛЫНДАҒЫ КӨШЕЛЕРГЕ АТАУ БЕРУ ТУРАЛЫ

О ПРИСВОЕНИИ НАИМЕНОВАНИЙ УЛИЦАМ В СЕЛЕ Ж. МАХАНБЕТОВА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АКСУАТ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ж.Маханбетов ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық онотмастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы қорытындысы негізінде Ақсуат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Маханбетов ауылындағы:

1) Ақсуат ауылдық округі, Ж. Маханбетов ауылындағы келесі көшелерге:

№17 көшеге Ермек Төлепбайұлының есімі;  
№19 көшеге Жамаладин Қорғанбековтің есімі;  
Атауы жоқ көшеге Байқадам Байкуатовтың есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ақсуат ауылдық округінің әкімі** **Н.БАКЫТОВ**

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан «О административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», с учетом мнения жителей села Ж. Маханбетова и на основании заключения областной ономастической комиссии от 26 августа 2025 года, аким сельского округа Ақсуат **РЕШИЛ:**

1. В селе Ж. Маханбетова сельского округа Ақсуат города Кызылорды:

1) присвоить следующие наименования улицам: улице №17 — имя Ермека Толепбайулы, улице №19 — имя Жамаладина Корганбекова, безымянной улице — имя Байкадама Байкуатова.

2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.

3. Настоящее решение вступает в силу по истечении десяти календарных дней после его первого официального опубликования.

**Аким сельского округа Ақсуат** **Н. БАКЫТОВ**

ЖОБА

ПРОЕКТ

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫННЫҢ ТАЗА КІРІСІНІҢ БІР БӨЛІГІН АУДАРУ НОРМАТИВІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ НОРМАТИВА ОТЧИСЛЕНИЯ ЧАСТИ ЧИСТОГО ДОХОДА КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 140-бабының 2 тармағына сәйкес, Ақсуат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты «Ақсуат мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ақсуат ауылдық округінің әкімі** **Н. БАКЫТОВ**

Ақсуат ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы \_\_\_\_ қыркүйектегі № \_\_\_\_\_ шешіміне қосымша

**Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты «Ақсуат мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі**

|                                                        |                                                                                 |
|--------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| Таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін                     | Таза табыс сомасынан 5 пайыз                                                    |
| Таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін | 150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайыз |

**Чистый доход до 3 000 000 тенге** **5 процентов с суммы чистого дохода**

**Чистый доход от 3 000 001 до 50 000 000 тенге** **150 000 тенге + 10 процентов с суммы, превышающей чистый доход в размере 3 000 000 тенге**

Руководствуясь пунктом 2 статьи 140 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», аким сельского округа Ақсуат **РЕШИЛ:**

1. В соответствии с приложением к настоящему решению установить норматив отчисления части чистого дохода государственного коммунального казенного предприятия «Дом культуры Ақсуат», находящегося в ведении коммунального государственного учреждения «Аппарат акима сельского округа Ақсуат города Кызылорда» акимата города Кызылорды.

2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким сельского округа Ақсуат** **Н. БАКЫТОВ**

Приложение к решению акима сельского округа Ақсуат от « \_\_\_\_ » сентября 2025 года № \_\_\_\_

**Норматив отчисления части чистого дохода государственного коммунального казенного предприятия «Дом культуры Ақсуат», находящегося в ведении коммунального государственного учреждения «Аппарат акима сельского округа Ақсуат города Кызылорда» акимата города Кызылорды**

«ПЕТРО ҚАЗАҚСТАН» БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясының басшысы Ян Миньюймен кездесіп, мұнай-газ саласын дамыту бойынша екіжақты қатынастар орнатудағы кейбір мәселелерді талқылады. - «Петро Қазақстан» - өңірдегі ірі мұнай өндіруші компаниялардың бірі және Оңтүстік Торғай ойпатының бірнеше кен орнын игеруде. Қазіргі уақытта кен орындарының басым бөлігі өндірудің соңғы кезеңінде және қалдығы қиын өндірілетін қор ретінде сипатталады. Ұңғымалардың көпшілігінің сулануы 95%-ға дейін жеткен. Соның салдарынан кен орындарының жабылу және жұмыс орындарының қысқару қаупі бар. Құрметті Ян Миньюй мырза, тек қолданыстағы келісімшарттық аумақтарда ғана емес, болашағы зор жаңа учаскелерде де барлау және игеру жұмыстарын бастау қажет. «Петро Қазақстан» әлеуметтік бағытталған компания ретінде өзін жақсы танытты және өңір тұрғындарына бірнеше мәрте көмек көрсетті. Алдағы уақытта да өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау білдіретініне сенімім мол», - деді Н.Нәлібаев. Кездесуде еңбек жағдайын жақсарту, «ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» компаниясы газ құбырының құрылысын мүмкіндігінше қысқа мерзімде аяқтау мәселелері сөз болды. Ян Миньюй мырза әрі қарай да бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді.

ШИ ТОҚУДЫ ҰМЫТТЫҚ ПА?

Тарихсыз халық жоқ деген нақыл бекерге айтылмаса керек. Тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты, әрі тереңнен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі. “Тұрмысына қарап, мәдениетін білемін, мәдениетіне қарап, халқын түсінемін” – деп жазыпты Шоқан Қашқарияға барған сапарында. Орыстың атакты жазушысы Белинский “Жазушы тұрмысты көрсете алса, онда тарихты көрсете алғаны” дейді. Ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйенсек ши тоқу – өнер. Ұлттық өнеріміздің өзіндік көркемдігін ерекшеленетін өнердің бір түрі ғой. Шиден тоқылған көне бұйымдар жеткілікті. Қазақ үшін шидің маңызы өте жоғары болған. Олардың түрі, оны, пішіні өзгеріп отырады. Мысалы кереге шиі, түндік шиі, ас қорған шиі болып кете береді. Төсеніш шиі де бар. Шиді киіз басқанда да пайдаланып жатады. Мысалы шиге өрнек салып белгілеуді сызу, өрнекпен көркемдеуді тұр салу, ал тұр салып оралған әр шиді шыбық және орау әдісін жүзктеу деп атайды. Шиге тұр салып оралған шыбықтарды қосатын жіпті шуда дейді. Тоқылып біткен ши бұрымынан екі шетін тегістеп қыркуды шабу деп атайды. Сондай-ақ ши тоқуға кіріспес бұрын шиді қабығынан аршыды. Оны аршу деп атайды. Шиді қамыстан да тоқиды. Әбден бойлап өскен қамысты шауып әкеліп түбін жоғары қаратып, көлеңке жерге кептіреді. Оны шеберлер өзі қадағалап, шидің қақырап, кеуіп жарылып кетпеуіне үлкен мән берген. Шидің оюлары айшық және шаршы деп екіге бөлінеді. Бала кезімде әжелеріміздің тәрбиесінде болғандықтан олардың әңгімелерін тыңдап өстік. Әжелеріміздің айтуына қарағанда қазіргі Шиелі өңірі сол заманда шидің мекені болған (Шиелі) екен. Дәрия жағалап, ши тартып әкеледі екен. Әжелеріміз басы қосылғанда жастық шақтарын еске алып, “Шиелі өзен қамыс-ай, бізді ойлай жүр танымс-ай” деп әңдетіп отыратын. Айтуға жеңіл, әуені де құлаққа жағымды. Авторы белгісіз. Сол кезең құпиясын ашып тұрған көне заманның жәдігері іспетті. Қазақстанның физикалық картасында да Шиелі өзені су тартылып, өзен үзіліп қалып отырады дегенді білдіретін үзік сызықтар арқылы көрсетілген. Яғни Шиелі өзені Сырдария өзеі күшті тасығанда, қызыл су жүргенде, сөң бұғанда ғана су шығатын кішігірім ескі арна Бидайкөл, Иіркөл, Ақөзек, Көкірім, Ызакөл, Бейгекұмға жеткен. Тұтас жүйе Шиелі өзегі деп аталынған. 1835-1917 жылдары ғұмыр кешкен Байсын Көлдеев орыс армиясының полковнигі болған. Кейін елге оралып он жыл бойы Шиелі үндірегінде суландырып өңін ектіруді ұйымдастырған. Шиелі өңірінен тоғар дайындайтын мекеме аштырған. “Атамыз Алаш, кереметіз ағаш”, немесе “Киіз туырылықты, ағаш ұлықты қазақтың” деп аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы киіз үй болғаны баршамаызға белгілі. Киіз үй тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ-меке-ні болғаны анық. Солай бола тұрса да, оны кастерлеп ұстап қасиетті киелі шанырағымыз деп газсырдан ғасырға мән-маңызын өзертпей жеткізген біздің қазақ халқы екені әркез мақтанышпен айтылып жүр. Сөзімнің соңында туған өлкені зерттеп білу әрбір адамға қажет екендігі еске болғаны жөн. Өйткені өз өлкесін, оның өткендегі мен бүгінгісін, оның мәдениеті мен экономикасын жақсы білмейінше өз отанының патриоты болу қиын.

Н.ҚАРТАБАЕВ

# ЖАҢА МЕКТЕПТЕР - ОЗАТ ОҚУШЫЛАРҒА МҮМКІНДІКТЕР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституция күні мен Білім күніне орай Шиелі ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» ашылды. Салтанатты басқосуға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ерғешбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров пен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

- «Биыл ел тәуелсіздігінің берік тұғыры, зайырлы егемендігіміздің негізі

Бүгін Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейінің заманауи әрі еңселі “Келешек мектебін” ашамыз.

Жаңа оқу жылынан бастап бұл мектеп-лицейде мектепалды даярлық сыныптары ашылып, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер тереңдетіліп оқытылады.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған білім ордасы оқу мен ізденіс арқылы әр баланың болашағын айқындап, елдің дамуына жол ашады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Облысымыздың бюджеті 823 млрд. 400 млн. теңгені



саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Өңірімізде Президентіміздің тапсырмасын орындауға, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беруге бағытталған жүйелі жұмыс атқарылууда.

Бүгін Өздеріңізбен жаңа оқу жылы қарсаңында шежірелі Шиеліде 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» ашылуында бас қостық.

Жалпы құны 1 млрд. 68 млн. теңге болатын жаңа «Оқушылар үйінде» 28, «Өнер мектебінде» 8 үйірме жас ұрпақтың жан-жақты азамат болып қалыптасуына қызмет етпек.

Білім мен өнердің ордасына айналатын жаңа ғимараттан Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев, шежірелі қаламгер Өркен Исмаил, айтыскер ақын, «Алтын домбыра» иегері Мейірбек Сұлтанхан сынды Сыр өңірінің мерейін асқақатып, атын танытатын дарындылар шығады деп сенеміз!

Баршаңызды жаңа нысанның ашылуымен тағы да құттықтаймын!», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында елеулі еңбек еткен азаматтар мен жаңа нысанды сапалы әрі мерзімінде салған мердігер мекеме қызметкерлеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Ауданға жұмыс сапары кезінде аймақ басшысы күрделі жөндеуден өткен №219 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің жұмысымен танысты. «СК и Монтаж-строй» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстарын мамыр айында бастап, тамыз айында аяқтайды. Мұнда 200-ге жуық мұғалім қызмет етіп, 1 мыңнан астам оқушы білім алады.

Еске салайық, аймағымыздың білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге қаралды. Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында үш жылда 4 “Оқушылар үйі” мен 2 “Өнер мектебі” салынып, зияткер жас ұрпақтың игілігіне қызмет етіп келеді.

\*\*\*

Қызылорда қаласындағы “Арай” мәлтек ауданында 1500 орындық «Келешек мектебі» ашылды. Жиынға Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ерғешбаев, еліміздің барлық өңірінен келген қонақтар және зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

Аймақ басшысы Н.Нәлібаев жиналған қауымды, жаңа дәуір мектебінің ұстаздары мен шәкірттерін құттықтады.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы», деген болатын.

құрап, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Бұл қаражат өңірдің ең өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Тұрақты қолдаудың арқасында өңіріміздің білім саласы толағай табысқа жетіп келеді. Сәулеті мен келбеті келіскен жаңа мектептер бой көтерді.

Соңғы үш жылда салаға 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге қаралды. Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Мемлекет басшымыздың бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд. 400 млн. теңгеге 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп,

пайдалануға берілуде. Бүгінде 3 300 орындық 7 мектеп ел игілігіне табысталды. Қалған 3 мектептің екеуін салтанатты түрде ашу үшін бас қостық. Тағы бір мектеп Ұстаздар күнінде пайдалануға беріледі.

Жаңа мектептердің ашылуы – бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. 2024-2025 жылдары Қызылорда қаласында 1 500 орындық 2 «Келешек мектебін» пайдалануға бердік. Бүгін, міне, “Арай” мәлтек ауданында құны 8 млрд. теңге болатын 1 500 орындық мектепті табыстаудамыз. Мұның барлығы жас ұрпақтың игілігі үшін жасалуда», - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар мен құрылысты сапалы әрі мерзімінде салған мердігер мекеме қызметкерлеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Министр Ғани Бейсембаев, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов өңірдегі ауқымды жұмыстарға оң бағасын беріп, құттықтауын жеткізді.

Еске салайық, 2023 жылдан бері облыстық бюджет есебінен 5 млрд. 700 млн. теңгеге 9 мектепке 2 900 орындық қосымша ғимарат салынып, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

«Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд. 400 млн. теңгеге дарынды

балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты ел игілігіне табысталды.

Білім ордасында оқуға еліміздің 17 аймағынан 1 445 оқушы өтініш білдіріп, білім бәйгесінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген 200 бала қабылданды.

Аталған қор есебінен 2 млрд. 333 млн. теңгеге Арал ауданы Мергенсай елді мекенінен 150 орындық заманауи мектептің құрылысы жүруде. Нысан қараша айында пайдалануға беріледі.

Президент тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда өңірдегі 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Биыл облыстық бюджеттен 2 млрд. 400 млн. теңге бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртылды.

\*\*\*

Қызылорда қаласындағы “Қызыл-жарма” ауылындағы «Келешек мектебінің» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ерғешбаев, Үкімет мүшелері, барлық өңір әкімдерінің орынбасарлары, білім басқармаларының басшылары қатысты.

Облыс әкімі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде атқарылған ауқымды жұмыстарды атап өтіп, құттықтауын жеткізді.

– «Өздеріңіз салтанатты ашылуының куәсі болуға жиналған №295 орта мектеп өңірдегі тоғызыншы «Келешек мектебі» болады. Қалған бір мектеп Ұстаздар күнінде пайдалануға беріледі.

Қызылорда қаласының Әл-Фараби мәлтек ауданы мен “Қызылжарма” ауылындағы халық саны соңғы жылдары бірнеше есе өсіп, мектептер үш ауысымдық оқытуға көшуге жақын қалды. Енді балаларымыз қолайлы әрі қауіпсіз, соңғы үлгідегі заманауи жабдықтармен жарақаталған, кең өрі қолайлы мектепте білім алатын болады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Тұрақты қолдаудың арқасында өңіріміздің білім саласы толағай табысқа жетіп келеді.

Сәулеті мен келбеті келіскен жаңа мектептер бой көтерді. Соңғы үш жылда салаға 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге қаралды.

Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді.

Биыл облыстық бюджеттен 2 млрд. 400 млн. теңге бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртылды. Соңғы үш жылда 5 млрд. 300 млн. теңгеге 15 мектептің ғимараты күрделі жөндеді. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2022 жылдан бері 2 млрд. 600 млн. теңге бөлінді. Апатты жағдайдағы 7 мектептің мәселесі толық шешімін тапты.

Қайтарылған активтер есебінен 8 млрд. 200 млн. теңгеге 5 мектептің құрылысы қаржыландырылады.

Жаңа мектеп әрбір оқушының жүрегінегі мақсаты мен арманын ұшайтын орын болсын!», - деді Н. Нәлібаев.

Министр Ғани Бейсембаев, Мәжіліс депутаты Наурызбай Байқадамов құттықтауын жеткізіп, Сыр өңіріндегі бастамалар мен атқарылған істерді оң бағалады.

Айта кету керек, балалардың қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында үш жылда 4 “Оқушылар үйі” мен 2 “Өнер мектебі” салынып, бүгінде зияткер жас ұрпаққа қызмет етуде.

Облыстық бюджеттен балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы салынып, мамыр айында пайдалануға берілді.

Өткен жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының демеушілігімен заманауи балалар тынығу лагері, Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) салынууда.

## ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ БІЛІМДІ ЖАҚСАРТАДЫ

• «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар жүзеге асуда. Біздің ең бірінші міндетіміз еліміздің болашағы балаларымыздың жан-жақты сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру.

Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыруларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе.

• Қазіргі таңда қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Президент саябағында 10 млрд. теңгеге жылдың 4 мезгілінде үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері салынууда. Бұл жерде балаларымыз Дария жағалауында серуендеп, таза ауамен тыныстап демалады. Бойына күш-қуат жинап, көңіл сергітіп, білімін шыңдайтын ерекше орын болмақ.

Саябақта 5 млрд. теңгеге Ботаникалық білім беру орталығының (қысқы бақ) ғимараты салынууда. Нысанның жалпы ауданы 3 420 шаршы метрді құрайды. Бақ ішінде Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкалық жасыл желектер егіледі. Ботаникалық бакта жас жеткіншектердің ой-өрісін кеңейтіп, өсімдіктердің әрқайсысындағы маңызын түсінуіне мүмкіндік береді. Жасыл екпелерді өсірудің ерекшеліктерін тәжірибелік түрде үйреніп, табиғатты аялауға баулиды.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына лагерді жыл соңына дейін аяқтауды тапсырамын.

Балаларымыздың бос уақытын жанға жайлы саялы орында, қауіпсіз ортада тиімді өткізіуіне жағдай жасау мақсатында бірнеше саябақтар, аллеялар мен скверлер салынып, қайта жаңғыртудан өтуде.

• Биыл балаларды қосымша біліммен қамтуға 9 млрд.теңге қаржы бөлініп, 34 мыңға жуық бала тегін спорттық-шығармашылық секцияларға қатысуда. Осыған дейін үйірмелерді жан басына қаржыландыру спорт, мәдениет басқармалары арқылы ұйымдастырылған болатын.

Алдағы жаңа оқу жылынан бастап пилоттық жоба аясында қосымша білім беруді қаржыландыру функциясын еліміздің 6 облысындағы білім басқармасына берілуде. Оның қатарында біздің аймақ та бар. Облыстық білім басқармасына оқушыларды тегін қосымша білім берумен қамту жұмыстарын белсенді ұйымдастыруды тапсырамын.

• Өңірде түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан балаларға әрдайым қамқорлық танытып, қолдау көрсетіледі.

Биыл жергілікті бюджеттен жалпыға міндетті оқу қоры арқылы 1 млрд. 800 млн. теңге бір реттік қаржылай көмек берілді.

Бастауыш сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасы балаларын бір реттік ыстық тамақпен қамтуға облыстық бюджеттен 9 млрд. 300 млн. теңге бөлінді. Бұл ауқымды қаражат.

Барлық орта білім беру ұйымдарының басшылары жас жеткіншектеріміздің күнделікті таза жерде құнарлы тамақпен қамтылуын жеке бақылауларына алып, қадағалап отыруы тиіс.

• Жақында Мемлекет басшымыз Ақордада халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін қабылдады. Президентіміз кездесуде «Білім саласындағы беделіміз артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының жоғары деңгейін көрсетеді», - деп атап өткен болатын.

Сыр өңірінің өрендері білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында зияткерлік жарыстарда толайым табыстарға қол жеткізуде.

Халықаралық додаларда топ жарып, республикалық олимпиадаларда үздіктер қатарынан көрінуде.

Оқушылар үшін он бір жылдық білімнің қорытындысы

саналатын Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесімен аймағымыз республикада екінші жыл қатарынан үздік атанды (*ҰБТ-ға қатысқан – 9352 оқушы, орташа балл – 75,7, республика – 70,1*).

Жоғары оқу орындарына бөлінген мемлекеттік грантты иемдену бойынша да талапкерлеріміз республикада бірінші орынға шықты (*грант иегерлері – 4818, орташа балл – 45,4, республика – 29,1*).

• Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Жас ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек.

Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырылады. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады.

Білім берудің үздік тәжірибесін жалғастырып, ұлттық құндылықтар мен тұлғатану институтын нығайтуға баса мән беруіміз қажет. Бұл - бүгінгі буынның біліміне жауапты ұстаздарды ғана емес, бауыр еті баласының болашағына бей-жай қарамайтын ата-аналарды да алаңдатуы тиіс.

Облыстық білім басқармасына мәдениет басқармасымен бірлесіп, тиісті жұмыстарды ұйымдастыруды тапсырамын.

• Биыл – еліміз үшін аса маңызды жыл. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауында «Қоғамның түрлі саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Бұл – экономиканы дамыту және инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін қажетті бастама. Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп жариялаймын. Осы арқылы біз қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», - деп атап өтті.

Жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарға дайындау өте маңызды. Президент тапсырмасына сәйкес, осы салаға ерекше көңіл аударуымыз қажет. Өйткені бұл мәселенің әлеуметтік маңызы басым.

Атауды жылдың ең басты жаналығы – Қызылорда қаласында кәсіптік білім беру және жұмысшы мамандықтарының Күзіретілік орталығы ғимаратының құрылысын бастадық. Орталық заманауи технологиялармен жабдықталып, еңбек нарығына қажетті, білікті кадрларды даярлауға мүмкіндік береді.

Жоба құны 5 млрд. 200 млн. теңгені құрайды.

Ара күнаты ұстаздар!

Сіздер еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек етіп келесіздер. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан болады», – деп ұлы Абай айтқандай, Ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады.

Кез-келген мамандық, кез-келген лауазым иесі ұстаздан білім, тәрбие алады. Күні бүгінге дейін ұстазымыздың алдында өзімізді шәкірт сезінеміз, саналы тәрбиесі мен сапалы білім бергені үшін басымызды иіп, құрмет тұтамыз.

Шәкірті үшін өз уақытын аямайтын, бірақ, өзгенің бақытын бағалайтын ұлағатты ұстаз қандай құрметке болсын – лайық.

Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы жастарымыздың бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ болуы – Сіздердің қолдарыңызда, мәртебелі ұстаздар! Біздерің бүгінгі шәкірттеріңіз – Қазақстанның жарқын болашағы. Баршаңызды «Әділетті Қазақстанды» құратын, отансүйгіш, жанашыл, білімпаз, еңбекқор Адал азаматтарды тәрбиелеуге шақырамын!

Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың дәстүрлі тамыз мәслихатында сөйлеген сөзінен ықшамдалды